

SONY®

Дыбыс жолағы

Пайдалану нұсқаулары

ЕСКЕРТУ

Құрылғыны кітап сөресі немесе қабырға шафқы секілді шектеулі орынға қоймаңыз. Өрт қаупін азайту үшін құрылғының жел кіретін тесігін газетпен, үстел жапқышпен, пердемен, т.б. жаппаңыз.

Құрылғыны ашық жалын көздерінің (мысалы, жанып тұрған шам) қасына қоймаңыз.

Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыға тамшы, шашыранды тигізбеңіз немесе ваза сияқты сұйықтық толы заттарды құрылғыға қоймаңыз. Батареяларды немесе батареялар салынған құрылғыларды күннің көзі және өрт сияқты ыстық жерлерге шығармаңыз. Жарақаттану жағдайлары орын алмауы үшін құрылғы орнату нұсқауларына сәйкес кабинетке орналастырылуы немесе еденге/қабырғаға берік бекітілуі керек. Тек ішкі қолдану үшін.

Қуат көздері бойынша

- Айнымалы ток розеткасына қосылғандықтан, құрылғы өздігінен өшіп қалғанның өзінде ток көзінен ажыратылмайды.
- Құрылғыны ток көзінен ажырату үшін айыр қолданылатындықтан, құрылғыны оңай қол жетімді айнымалы розеткаға сұғыңыз. Құрылғының дұрыс істемейуін байқасаңыз, бірден айырды айнымалы ток розеткасынан ажыратыңыз.

Ұсынылған кабельдер

Дұрыс қорғалған және жерге қосылған кабельдер мен коннекторлар басты компьютерлерге және/немесе перифериялық құрылғыларға қосылу үшін қолданылу керек.

Еуропадағы тұтынушылар үшін



Қолданылған батареяларды, электр және электрондық жабдықты қоқысқа тастау (бөлек жинау жүйелері бар Еуропалық одақта және басқа да еуропалық елдерде қолданылады)

Өнімдегі, батареядағы немесе қаптамадағы бұл таңба өнім мен батареяға тұрмыстық қалдық ретінде қарауға болмайтынын білдіреді. Белгілі бір батареяларда бұл таңба химиялық таңбамен бірге пайдаланылуы мүмкін. Батарея құрамында 0,0005% сынап немесе 0,004% қорғасын болса, сынаптың (Hg) немесе қорғасынның (Pb) химиялық таңбалары қосылады. Бұл өнімдер мен батареяларды дұрыс жолмен тастау арқылы дұрыс тастамау кесірінен қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін жағымсыз әсерлердің алдын алуға болады. Материалдарды кәдеге жарату табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі. Қауіпсіздік, жұмыс өнімділігі және деректер тұтастығы үшін өнімдерге ішіне орнатылған батареяны үнемі қосып қою қажет етілген жағдайда, бұл батареяны тек білікті қызмет көрсетуші маман ауыстыруы керек. Батарея, электр және электрондық құралдар дұрыс қолданылуы үшін бұл өнімдерді пайдаланылу мерзімі аяқталғаннан кейін электр және электрондық жабдықты қайта өңделуі үшін арнайы жинау орнына өткізіңіз. Барлық басқа батареялар үшін батареяны өнімнен қауіпсіз шығару жолдары туралы бөлімнен қараңыз. Қалдық батареяларды кәдеге жарату мақсатымен батареяны арнайы жинау орнына тастаңыз. Бұл өнімді немесе батареяны қайта өңдеу туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті қоғамдық мекемеге, тұрмыстық қалдық тастау қызметіне немесе өнім немесе батарея сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

Тұтынушыларға ескерту: төмендегі ақпарат ЕО директиваларын қолданатын елдерде ғана сатылатын жабдық үшін қолданылады.

Бұл өнім Sony корпорациясы (1-7-1 Konan Minato-ku Tokyo, 108-0075 Japan) тарапынан немесе оның атынан өндірілген.

Еуропалық Одақ заңнамасына қарай өнімнің сәйкестігіне қатысты сұраулар мына өкілетті өкілдікке жіберілуі керек: Sony Deutschland GmbH, Hedelfinger Strasse 61, 70327 Штутгарт, Германия. Қызмет көрсету немесе кепілдік мәселелері бойынша бөлек қызмет көрсету немесе кепілдік құжаттарында берілген мекенжайларға хабарласыңыз.

Осы құжатпен Sony Corp. бұл жабдықтың маңызды талаптарға және 1999/5/EC директивасының басқа қатысты ережелеріне сәйкес келетінін жариялайды. Мәліметтер үшін келесі URL мекенжайына кіріңіз: <http://www.compliance.sony.de/>



Бұл өнім төменде берілген елдерде қолдануға арналған.

AT, BE, BG, HR, CY, CZ, DK, EE, FI, FR, DE, GR, HU, IS, IE, IT, LV, LI, LT, LU, MT, NL, NO, PL, PT, RO, SK, SI, ES, SE, CH, GB, AL, BA, MK, MD, RS, ME, Косово

5,15 – 5,35 ГГц жолағы тек ішкі қолданыс үшін шектелген.

Бұл жолақ динамигі құрылғылардағы дыбыс/бейне файлдарын ойнатуға, NFC мүмкіндігін қолдайтын смартфон, BLUETOOTH құрылғысынан музыка таратуға арналған. Бұл жүйе желі арқылы тарату мен Screen mirroring мүмкіндіктеріне де қолдау көрсетеді.

Бұл жабдықтың EMC реттеуінде белгіленген шектерге сәйкестігі 3метрден қысқа жалғау кабелімен тексеріліп анықталды.

Авторлық құқықтар және сауда белгілері

- Бұл жүйе Dolby* Digital және DTS** Digital Surround System жүйелерін біріктіреді.
- * Dolby Laboratories берген лицензия бойынша жасалған. Dolby және DTS таңбасы — Dolby Laboratories сауда белгілері.
- ** DTS патенттерін мына жерден қараңыз: <http://patents.dts.com>. DTS Licensing Limited берген лицензия бойынша жасалған. DTS, DTS-HD, таңбасы, DTS және таңбасының қосылымы — DTS, Inc. © DTS, Inc. тіркелген сауда белгілері. Барлық құқықтары қорғалған.
- Бұл жүйе High-Definition Multimedia Interface (HDMI™) технологиясын біріктіреді. HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі — HDMI Licensing LLC ұйымының сауда белгілері немесе Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.
- "BRAVIA" — Sony Corporation сауда белгісі.
- "PlayStation" — Sony Computer Entertainment Inc. корпорациясының тіркелген сауда белгісі.
- Wi-Fi®, Wi-Fi Protected Access®, Wi-Fi Alliance® және Wi-Fi CERTIFIED Miracast® - Wi-Fi Alliance® компаниясының тіркелген сауда белгілері.
- Wi-Fi CERTIFIED™, WPA™, WPA2™, Wi-Fi Protected Setup™ және Miracast™ - Wi-Fi Alliance® ұйымының белгілері.
- N белгісі — NFC Forum, Inc. корпорациясының сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі.
- Android™ - Google Inc. корпорациясының сауда белгісі.
- Google Play™ - Google Inc. корпорациясының сауда белгісі.
- "Xperia" - Sony Mobile Communications AB компаниясының сауда белгісі.

- **BLUETOOTH®** сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және Sony Corporation иелігіндегі мұндай белгілерді пайдалану лицензияға бағынады. Басқа сауда белгілері мен атаулары тиісті иелеріне тиесілі.
- **LDAC™** және **LDAC** логотипі - Sony Corporation сауда белгілері.
- **"DSEE HX"** - Sony Corporation сауда белгісі.
- **MPEG Layer-3** аудио кодтау технологиясы мен патенттеріне **Fraunhofer IIS** және **Thomson** компанияларынан лицензия берілген.
- **Windows Media** - Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі сауда белгісі. Бұл өнім Microsoft корпорациясының арнайы интеллектуалдық меншік құқықтарына қатысты технологиясы арқылы қорғалады. Бұл технологияны бұл өнімнен тыс пайдалануға немесе таратуға Microsoft корпорациясының тиісті лицензиясынсыз (лицензияларынсыз) тыйым салынады.
- **Opera®** құрылғыларындағы бағдарламалық құралдар жинағы Opera Software ASA тарапынан алынды. Copyright 1995-2013 Opera Software ASA. Барлық құқықтары қорғалған.

O POWERED
BY OPERA®

- **"ClearAudio+"** - Sony Corporation сауда белгісі.
- **"x.v.Colour"** және **"x.v.Colour"** логотипі - Sony Corporation сауда белгілері.
- **Apple**, **Apple** логотипі, **iPhone**, **iPod**, **iPod touch** және **Retina** - АҚШ пен басқа елдерде тіркелген Apple Inc. сауда белгілері. App Store — Apple Inc. компаниясының қызмет көрсету белгісі.

"Made for iPod" және "Made for iPhone" хабары электрондық аксессуардың арнайы iPod немесе iPhone құрылғыларына көрсетілген тәртіпте қосылу үшін жасалғанын, Apple жұмыс істеу стандарттарына сәйкес жасаушымен сертификатталғанын білдіреді. Apple корпорациясы бұл құрылғының жұмыс істеуі немесе оның қауіпсіздік және нормативтік стандарттарына сәйкестігі үшін жауапты емес. Бұл аксессуарды iPod немесе iPhone құрылғысымен бірге пайдалану сымсыз өнімділікке әсер ететіндігін ескеріңіз.

Үйлесімді iPod/iPhone модельдері

Мыналар iPod/iPhone үлгілерімен үйлесімді. iPod/iPhone құрылғыларын жүйемен бірге қолданбас бұрын соңғы бағдарламалық жасақтама арқылы жаңартыңыз.

BLUETOOTH технологиясы мыналармен жұмыс істейді:

- iPhone
 - iPhone 6 Plus/iPhone 6/iPhone 5s/
 - iPhone 5c/iPhone 5/iPhone 4s/
 - iPhone 4/iPhone 3GS
- iPod touch
 - iPod touch (5-буын)/iPod touch (4-5-буын)
- Басқа барлық сауда белгілері — тиісті иелерінің сауда белгілері.
- Басқа жүйе және өнім атаулары негізінен өндірушілердің сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады. ™ және ® белгілері бұл құжатта көрсетілмеген.

GNU GPL/LGPL қолданылған бағдарламалық жасақтамасын және басқа ашық көз бағдарламалық жасақтамаларын ескеру

Бұл өнім GNU General Public лицензиясына ("GPL") немесе GNU Lesser General Public лицензиясына ("LGPL") қатысты бағдарламалық жасақтамадан тұрады. Бұл GPL немесе LGPL шарттарына сәйкес бағдарламалық жасақтамада айтылған бастапқы кодты алу, өзгерту және қайта тарату құқығын орнатады.

GPL, LGPL және басқа бағдарламалық жасақтама лицензиялары мәліметтері үшін өнімнің [Setup] мәзіріндегі [System Settings] ішіндегі [Software License Information] бөлімін қараңыз.

Осы өнімде пайдаланылатын бағдарламалық жасақтаманың бастапқы коды GPL және LGPL лицензиясына қатысты әрі вебте қолжетімді. Жүктеп алу үшін келесі URL кіріңіз: <http://oss.sony.net/Products/Linux>

Sony жүйесі осы бастапқы код мазмұнына қатысты сұрауларға жауап беруге мүмкін еместігін ескеріңіз.

Бұлар туралы пайдалану нұсқаулары

- Бұл пайдалану нұсқауларындағы нұсқаулар қашықтан басқару құралындағы басқару тармақтарын сипаттайды. Сондай-ақ, қашықтан басқару құралындағыдай бірдей немесе ұқсас атаулары болса, жолақ динамигіндегі басқару тармақтарын қолдануға болады.
- Кейбір суреттер мағыналы суреттер ретінде ұсынылады, нақты өнімдерден ерекшеленуі мүмкін.
- Теледидар экранында көрсетілетін тармақтар аумаққа байланысты ерекшеленуі мүмкін.
- Әдепкі параметрдің асты сызылған.
- Тік жақшадағы мәтін ([--]) ТД экранында пайда болады және қос тырнақшамен жабылған мәтін алдыңғы тақта дисплейінде пайда болады. Алдыңғы тақта дисплейінде ("–") жазуы пайда болады.

Мазмұны

Қосу ➔ Іске қосу нұсқаулығы (бөлек құжат)

Бұлар туралы пайдалану
нұсқаулары5

Тыңдау/көру

Қосылған құрылғылардан
бейнені/дыбысты қолдану8

USB құрылғысы музыкасын/
фотосуретін ойнату8

Музыканы BLUETOOTH
құрылғысынан тыңдау9

Желі функциясымен басқа
құрылғылар музыкасын/
фотосуретін ойнату9

Дыбысты реттеу

Дыбыс әсерлерін қолдану9
DSEE HX функциясын
пайдалану (табиғи дыбыс
сапасымен аудио кодек
файлдарын ойнату)10

BLUETOOTH функциясы

Музыканы BLUETOOTH
құрылғысынан тыңдау11

BLUETOOTH үйлесімді ресиверін
тасымалдау арқылы
дыбысты тыңдау14

Смартфон немесе планшет
құрылғысы арқылы
жүйені басқару (SongPal)15

Желі функциясы

Сымды желімен қосу 16

Сымсыз желімен қосу 17

Бастапқы желіде
файлдарды ойнату 18

Түрлі онлайн қызметтерді
пайдалану 19

Экранды көшіріп көрсету
функциясын қолдану 20

Авторлық құқығы қорғалған 4K мазмұнын көру

4K ТД қосу 21

4K құрылғыны қосу 22

Параметрлер және реттеулер

Орнату дисплейін пайдалану 22

Опциялар мәзірін қолдану 29

Басқа функциялар

"BRAVIA" Sync үшін Control for HDMI функциясын қолдану	31
Мультиплекстік тарату сигналын пайдалану (Dual Mono)	33
Жолақ динамигіндегі түймелерді өшіру (балалардан қорғау)	33
Жарықтықты өзгерту	33
Күту режимінде қуатты үнемдеу	34
IR қайталағышы функциясын қосу (ТД басқару мүмкін емес кезде)	34
Сымсыз жүйенің қосымша параметрлері	34
Жолақ динамигі бұрышын өзгерту	36
Қабырғаға жолақ динамигін бекіту	36

Қосымша ақпарат

Сақтық шаралар	37
Ақауларды жою	39
Бөлшектер мен басқару элементтері туралы нұсқаулық	46
Ойнатылатын файл түрлері	50
Қолдау көрсетілетін аудио пішімдері	51
Сипаттамалар	51
BLUETOOTH байланысы туралы ақпарат	54
Индекс	55
СОҢҒЫ ПАЙДАЛАНУШЫ ЛИЦЕНЗИЯСЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ	57

Қосылған құрылғылардан бейнені/дыбысты қолдану

INPUT +/- түймесін басыңыз.

Сонымен қатар, HOME түймесін басып, одан кейін ◀/▶/↔ және ⊕ түймелерін қажетті кірісті таңдау үшін қайталап басыңыз.

[TV]

TD (DIGITAL IN) ұясына қосылған құрылғы (ТД, т.б.) немесе HDMI OUT (ARC) ұясына қосылған Audio Return Channel функциясымен үйлесімді ТД

[HDMI1]/[HDMI2]/[HDMI3]

HDMI IN 1/2/3 ұясына қосылған құрылғы

[Bluetooth Audio]

"BT"

A2DP профилі бар BLUETOOTH құрылғысы

[Analog]

"ANALOG"

ANALOG IN ұясына қосылған құрылғы (сандық медиа ойнатқышы, т.б.)

[USB]

🔌 (USB) портына жалғанған USB құрылғысы

[Screen mirroring]

"SCR M"

Screen mirroring үйлесімді құрылғысы (20-бет)

[Home Network]

"H.NET"

Мазмұны серверге сақталған (18-бет)

[Music Services]

"M.SERV"

Интернет ұсынған музыка параметрлерін қосу (19-бет)

Кеңес


Сонымен қатар, PAIRING 📶 және MIRRORING түймесін қашықтан басқару құралында [Bluetooth Audio] және [Screen mirroring] таңдау үшін басуға болады.

USB құрылғысы музыкасын/ фотосуретін ойнату

Қосылған USB құрылғысындағы музыка/ фотосурет файлдарын ойнатуға болады. Файлдардың ойнатылатын түрлерін "Ойнатылатын файл түрлері" (50-бет) бөлімінен қараңыз.

1 USB құрылғысын 🔌 (USB) портына қосыңыз.

Жалғамай тұрып, USB құрылғысымен берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.



2 HOME түймесін басыңыз.

Теледидар экранында бастапқы экран пайда болады.

3 ◀/▶/↔ түймесімен [USB] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

4 ▶/▶ түймесін 🎵 [Music] немесе 📷 [Photo] таңдау үшін басып, ⊕ түймесін басыңыз.

5 Қалаған мазмұнды таңдау үшін ▶/▶ түймесін бірнеше рет басып, ⊕ түймесін басыңыз.

Таңдалған мазмұнның ойнатылуы бастайды.

Ескертпе

USB құрылғыны жұмыс кезінде шығармаңыз. USB құрылғыға арналған деректердің бүлінуіне немесе зақымдалуына жол бермеу үшін USB құрылғысын қосу немесе шығару алдында жүйені өшіріңіз.

Музыканы BLUETOOTH құрылғысынан тыңдау

"BLUETOOTH функциясы" бөлімін көріңіз (11-бет).

Желі функциясымен басқа құрылғылар музыкасын/ фотосуретін ойнату

"Желі функциясы" (16-бет) бетін қараңыз.

Дыбысты реттеу

Дыбыс әсерлерін қолдану

Түрлі дыбыс көздеріне әкелетін алдын ала бағдарламаланған дыбыс әсерлерін оңай пайдалануға болады. Олар тамаша әрі күшті дыбысты шығара алады.

Ескертпе

Жүйе таратқыш режиміндегі BLUETOOTH ресиверіне қосылған кезде дыбыс әсерлерін таңдау мүмкін емес.

Дыбыс өрісін таңдау

Ойнату кезінде SOUND FIELD түймесін қайтара баса беріңіз.

[ClearAudio+]

Дыбысты Sony ұсынған дыбыс өрісімен тамашалауға болады. Дыбыс өрісі ойнатылатын мазмұн мен функцияға сәйкес автоматты түрде оңтайландырылады.

[Movie]

Жүйе бейнелер қарау үшін оңтайландырылған дыбыспен қамтамасыз етеді.

[Music]

Жүйе музыка тыңдау үшін оңтайландырылған дыбыспен қамтамасыз етеді.

[Sports]

Осы жүйе спорт хабарын тарату сезімін шығарады. Түсіндірмелер анық, қошаметтер көлемді дыбыс ретінде естіледі және орта дыбысы шынайы болады.

[Game Studio]

Жүйе бейне ойындарын ойнау үшін оңтайландырылған дыбысты шығарады.

[Standard]

Жүйе әрбір көзге сәйкес дыбысты қамтамасыз етеді.

Keңес

- Сонымен қатар, CLEARAUDIO+ түймесін [ClearAudio+] таңдау үшін басуға болады.
- Сонымен қатар, [Sound Field] опциясын Опциялар мәзірінен таңдауға болады (29-бет).

Түн режимі функциясын қолдану

Бейнелерді түнде көру кезінде осы функция пайдалы. Тіпті төмен дыбыс деңгейінде диалогті анық естуге болады.

NIGHT түймесін басыңыз.

Түн режимі функциясы белсендіреді. Функцияны болдырмау үшін түймені қайта басыңыз.

Кеңес

Сонымен қатар, [Night] опциясын Опциялар мәзірінен таңдауға болады (30-бет).

Анық дауыс функциясын қолдану

Бұл функция диалогтерді анық жасауға көмектеседі.

VOICE түймесін қайталап басыңыз.

- [Voice : 1]: Standard
- [Voice : 2]: Диалог ауқымы кеңейеді.
- [Voice : 3]: Диалог ауқымы кеңейіп, қиын бөлінетін ауқым бөліктері күшейтіледі.

Кеңес

Сонымен қатар, [Voice] ішіндегі [Type 1], [Type 2] немесе [Type 3] опциясын Опциялар мәзірінен таңдауға болады (30-бет).

DSEE HX функциясын пайдалану (табиғи дыбыс сапасымен аудио кодек файлдарын ойнату)

DSEE HX (Digital Sound Enhancement Engine), Sony компаниясы жеке дайындаған жоғары ауқымды орнын толтыру және тамаша дыбысты жаңғырту технологиясы. Бұл функция аудио файлының жоғары ажыратымдылықты аудио файлына* жаңартып, жиі жоғалатын анық жоғары ажыратымдылықты дыбысты шығарады.

[Music] опциясы дыбыс өрісінде таңдалған уақытат осы функция ғана қолжетімді болады.

* Файл максималды 96 кГц/24 бит баламасына кеңейтіледі.

1 HOME түймесін басыңыз.

Теледидар экранында бастапқы экран пайда болады.

2 [Setup] опциясын таңдау үшін жоғарғы оң жақ бұрышта басып, түймесін басыңыз.

3 түймесімен [Audio Settings] тармағын таңдап, түймесін басыңыз.

4 түймесімен [DSEE HX] тармағын таңдап, түймесін басыңыз.

5 түймесімен [On] тармағын таңдап, түймесін басыңыз.

Ескертпе

- DSEE HX функциясы жоғары ажыратымдылықты аудио файлдарымен жұмыс істемейді.
- Егер бит жылдамдығы дұрыс орындауға тым төмен болса, DSEE HX функциясы тиімді түрде жұмыс істемейді.

Музыканы BLUETOOTH құрылғысынан тыңдау

Жүйені BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру

Жұптастыру - BLUETOOTH құрылғыларының бір-бірінде алдын ала тіркелуі. Біріктіру әрекеті орындалғанда қайта орындалудың қажеті жоқ.

Құрылғыны осы жүйемен жұптастыру кезінде [Bluetooth Mode] опциясы [Receiver] (25-бет) күйіне орнатылғанын тексеріңіз.

1 BLUETOOTH құрылғысын жолақ динамигінен 1 метр қашықтықта орналастырыңыз.

2 PAIRING түймесін басыңыз .

Көк жарық диоды индикаторы жапыл, BLUETOOTH жұптастыру экраны ТД экранында пайда болады.

Кеңес

Бастапқы экраннан [Bluetooth Audio] параметрін таңдауға да болады.

3 BLUETOOTH құрылғысын жұптасу режиміне қойыңыз.

BLUETOOTH құрылғысын жұптасу режиміне орнату туралы мәліметтерді құрылғымен берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

4 Құрылғы дисплейінде "HT-NT3" параметрін таңдаңыз.

Бұл қадамды 5 минут ішінде орындамасаңыз, жұптастыру режимі орындалмайды.

BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде құрылғы атауы ТД экранында пайда болып, көк жарық диоды индикаторы жанады.

Ескертпе

BLUETOOTH құрылғысында рұқсат кілті қажет болса, "0000" кодын енгізіңіз. Кіру кілті "Passcode", "PIN code", "PIN number" немесе "Password" деп аталуы мүмкін.

Кеңес

[System Settings] ішіндегі [Device Name] параметрі арқылы құрылғыда көрсетілетін жүйе атауын өзгертуге болады (28-бет).

5 BLUETOOTH құрылғысында мазмұнды ойната бастаңыз.

6 Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Алдымен BLUETOOTH құрылғысының дыбыс деңгейін реттеңіз, дыбыс деңгейі әлі тым төмен болса, жолақ динамигіндегі дыбыс деңгейін реттеңіз.

Ескертпе

Ең көбі 9 BLUETOOTH құрылғысын жұптастыруға болады. 10-шы BLUETOOTH құрылғысы жұптасса, ең бірінші жалғанған құрылғы жаңасымен ауыстырылады.

Біріктіру әрекетінен бас тарту

HOME немесе INPUT +/- түймесін басыңыз.


Осы жүйеден BLUETOOTH құрылғысына қосылу

Осы жүйеден жұптасқан BLUETOOTH құрылғысына қосылуға болады. Музыка ойнату алдында келесіні тексеріңіз:

- BLUETOOTH құрылғысының BLUETOOTH функциясы қосылған.
- Біріктіру аяқталды (11-бет).
- [Bluetooth Mode] параметрі [Receiver] күйіне орнатылған (25-бет).

1 PAIRING түймесін басыңыз .

Ескертпе

Соңғы жалғанған BLUETOOTH құрылғысына қосылу үшін  түймесін басыңыз. Сосын 5-қадамға өтіңіз.

2 OPTIONS түймесін басыңыз.

3 "Device List" (Құрылғылар тізімі) параметрін таңдап, түймесін басыңыз.

Жұптасқан BLUETOOTH құрылғыларының тізімі пайда болады.







4 Қалаған құрылғыны таңдау үшін түймесін бірнеше рет басып, түймесін басыңыз.

5 Ойнатуды бастау үшін түймесін басыңыз.

6 Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Алдымен BLUETOOTH құрылғысының дыбыс деңгейін реттеңіз, дыбыс деңгейі әлі тым төмен болса, жолақ динамигіндегі дыбыс деңгейін реттеңіз.

Ескертпе


- Жүйе мен BLUETOOTH құрылғысы қосылғаннан кейін, , , ,  және   түймелерінің көмегімен ойнатуды басқаруға болады.
- [Bluetooth Standby] опциясы [On] (25-бет) күйіне орнатылса, жүйе күту режимінде болған кезде жұптасқан BLUETOOTH құрылғысын жүйеге қосуға болады.
- BLUETOOTH сымсыз технологиясының сипаттамаларына байланысты бұл жүйедегі аудио BLUETOOTH құрылғысына қарағанда кешігіп ойнатылуы мүмкін.

Кеңес

BLUETOOTH құрылғысынан AAC немесе LDAC кодекін қосып немесе өшіріп қоюға болады (26-бет).

BLUETOOTH құрылғысын ажырату


Келесі элементтердің кез келгенін орындаңыз.



- PAIRING  түймесін қайта басыңыз.
- BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясын өшіріңіз.



- Ойнату экраны көрсетілген кезде OPTIONS түймесін басып, [Disconnect] опциясын таңдаңыз.
- Жүйені немесе BLUETOOTH құрылғысын өшіріңіз.

Жұптасқан BLUETOOTH құрылғысын құрылғылар тізімінен жою

1 1-3 қадамдарды орындаңыз.

2  түймесін бірнеше рет басып құрылғыны таңдаңыз да, OPTIONS түймесін басыңыз.

3  түймесін [Remove] таңдау үшін бірнеше рет басып,  түймесін басыңыз.

4  түймесін [OK] таңдау үшін бірнеше рет басып,  түймесін басыңыз.

Бір рет түртіп тыңдау функциясы (NFC) арқылы қашықтағы құрылғыға қосылу

NFC (Near Field Communication) - әр түрлі құрылғылар арасында қысқа ауқымды сымсыз байланысқа мүмкіндік беретін технология.

NFC мүмкіндігін қолдайтын қашықтағы құрылғыны жолақ динамигіндегі N белгісіне жақын ұстап тұрса, жүйе мен қашықтағы құрылғы автоматты түрде жұптасып, BLUETOOTH байланысы орнатылады.

Үйлесімді қашықтағы құрылғылар

NFC функциясы орнатылған қашықтағы құрылғылар


(OS: Android 3.x жүйесінен басқа Android 2.3.3 немесе кейінгі нұсқасы)

Бұл мүмкіндік NFC үйлесімді ресивермен жұмыс істемейді.

Ескертпе

- Жүйе бір жолы NFC үйлесімді құрылғыны танып, оған қосылады.
- Қашықтан басқару құрылғысына қарай келесі элементтерді алдын ала орындау қажет болуы мүмкін.
 - NFC функциясын қосыңыз. Мәліметтерді қашықтағы құрылғының пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
 - Егер қашықтан басқару құрылғысында Android 4.1.x нұсқасынан басқа ескі ОЖ нұсқасы болса, "NFC Easy Connect" қолданбасын жүктеп алып іске қосыңыз. "NFC Easy Connect" - Google Play жүйесінен алынатын Android қашықтағы құрылғыларына арналған тегін бағдарлама. (Бағдарлама кейбір елдерде/аймақтарда болмауы мүмкін.)

1 Қашықтағы құрылғыны жолақ динамигіндегі N белгісіне ол дірілдегенше жақын ұстаңыз.



Қашықтағы құрылғыда көрсетілген экрандық нұсқауларды орындап, BLUETOOTH байланысын орнату процедурасын аяқтаңыз. BLUETOOTH байланысы орнатылғанда, алдыңғы тақтадағы көк диод жанады.

2 Қашықтан басқару құрылғысы аудио дерегін ойната бастаңыз.

Ойнату операциялары туралы мәліметтерді қашықтағы құрылғының пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Кеңес

- Жұптасу мен BLUETOOTH байланысы орнатылмаса, төмендегі әрекеттерді орындаңыз.
 - Қашықтағы құрылғыны қайтадан жолақ динамигіндегі N-белгісіне жақын ұстағанда;
 - Қашықтағы құрылғыға бөлек сатып алынған қап кигізілген болса, оны шешіңіз.
 - "NFC Easy Connect" қолданбасын қайта қосыңыз.
 - Жүйе күту режимінде болған кезде BLUETOOTH құрылғысын қосу керек болса, [Quick Start Mode] опциясын [On] күйіне орнатыңыз.
- Дыбыс деңгейі төмен болса, алдымен қашықтағы құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз. Дыбыс деңгейі әлі тым төмен болса, жолақ динамигіндегі дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Егер жүйе таратқыш режимінде болған кезде қашықтағы құрылғы N белгісіне жақын ұсталса, [Bluetooth Mode] опциясы [Receiver] күйіне автоматты түрде өзгертіледі. Бұл мүмкіндік NFC үйлесімді ресивермен жұмыс істемейді.

Ойнатуды тоқтату

Ойнату төмендегі әрекеттердің кез

келгенін орындағанда тоқтатылады, яғни:

- Қашықтағы құрылғыны қайтадан жолақ динамигіндегі N-белгісіне жақын ұстағанда;
- қашықтағы құрылғының музыка ойнатқышын тоқтатқанда;
- Жүйені немесе қашықтағы құрылғысын өшіріңіз.
- Кірісті өзгертіңіз.
- қашықтағы құрылғыдағы BLUETOOTH функциясын ажыратқанда.
- Қашықтан басқару құралында **■**, HOME не PAIRING **Ⓜ** түймесін басыңыз.

BLUETOOTH үйлесімді ресиверін тасымалдау арқылы дыбысты тыңдау

BLUETOOTH үйлесімді ресивері арқылы осы жүйе көзі дыбысының ойнатылуын тыңдауға болады (құлаққаптар сияқты).

- 1 BLUETOOTH функциясын BLUETOOTH ресиверінде қосыңыз.**
- 2 [Bluetooth Mode] опциясын [Transmitter] күйіне [Bluetooth Settings] ішінде орнатыңыз (25-бет).**
- 3 \leftarrow/\rightarrow түймесін [OK] таңдау үшін басыңыз.**
- 4 BLUETOOTH ресивері атауын [Bluetooth Settings] (25-бет) ішіндегі [Device List] жүйесінен таңдау үшін \leftarrow/\rightarrow түймесін басып, одан кейін \oplus басыңыз.**
BLUETOOTH байланысы анықталған кезде көк жарық диоды индикатор жанады.

Ескертпе

Егер BLUETOOTH ресивері атауы тізімде табылмаса, [Scan] опциясын таңдаңыз.

- 5 Осы жүйе арқылы көзді ойнатуды бастаңыз.**
BLUETOOTH ресиверінен дыбыс шықпайды.
- 6 Дыбыс деңгейін реттеңіз.**
Алдымен BLUETOOTH ресивері дыбыс деңгейін реттеңіз, дыбыс деңгейі әлі тым төмен болса, жолақ динамигіндегі дыбыс деңгейін реттеңіз.
BLUETOOTH ресиверімен қосылған кезде жолақ динамигінің дыбыс деңгейін басқару мүмкін емес.
Жолақ динамигіндегі және қашықтан басқару құралындағы дыбыс деңгейі түймелері тек BLUETOOTH ресиверімен жұмыс істейді.

Ескертпе

- 9 BLUETOOTH ресиверге дейін тіркеуге болады. Егер 10-шы BLUETOOTH ресивер тіркелсе, ең бірінші жалғанған BLUETOOTH ресивері жаңасымен ауыстырылады.
- Жүйе [Device List] ішіндегі 15 анықталған BLUETOOTH ресиверіне дейін көрсетеді.
- Дыбысты тасымалдау кезінде опциялар мәзіріндегі дыбыс әсерлерін немесе параметрлерді өзгерту мүмкін емес.
- Кейбір мазмұндарды қорғанысқа байланысты шығару мүмкін емес.
- BLUETOOTH сымсыз технологиясының сипаттамаларына байланысты BLUETOOTH ресиверіндегі аудио шығысқа қарағанда кешігіп ойнатылуы мүмкін.
- BLUETOOTH ресивері жүйеге сәтті қосылған кезде динамиктерден және HDMI OUT (ARC) ұясынан дыбыс шықпайды.
- Жүйе тасымалдаушы режимінде болған кезде [Screen mirroring] кірісі, [Bluetooth Audio] кірісі және Home Theatre Control функциясы өшіріледі.

Кеңес

- Жүйе және BLUETOOTH ресивері қосылса, BLUETOOTH ресиверіндегі ойнату операциясы түймелерімен ойнатуды басқаруға болады.
- Осы жүйені ең соңғы қосылған BLUETOOTH ресиверіне қосуға болады
RX/TX \otimes түймесін қайталап басу арқылы [Transmitter] опциясын таңдаңыз. Одан кейін жүйедегі көзді ойнатуды бастаңыз.

BLUETOOTH ресиверін ажырату

- Келесі элементтердің кез келгенін орындаңыз.
- BLUETOOTH функциясын BLUETOOTH ресиверінде өшіріңіз.
 - [Bluetooth Mode] опциясын [Receiver] не [Off] күйіне орнатыңыз (25-бет).
 - Жүйені немесе BLUETOOTH ресиверін өшіріңіз.
 - Бір рет түртілетін функцияны (NFC) орындаңыз.

Тіркелген BLUETOOTH ресиверін жою

- 1 [Bluetooth Settings] ішінен [Device List] параметрін таңдаңыз (25-бет).
Жұптасқан және анықталған BLUETOOTH ресиверлері тізімі пайда болады.
- 2 ↕ түймесін құрылғыны таңдау үшін басып, OPTIONS түймесін басыңыз.
- 3 ↕ түймесімен [Remove] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.
- 4 ↕ түймесімен [OK] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.



Смартфон немесе планшет құрылғысы арқылы жүйені басқару (SongPal)

Google Play және App Store дүкендерінен жүйенің осы моделіне арналған бағдарламаны жүктеп алуға болады. "SongPal" дегенді іздеп, тегін бағдарламаны жүктеп алсаңыз, қолайлы функциялар туралы қосымша ақпарат аласыз. Easy Control бағдарламасы мен "SongPal" сымсыз байланыс операцияларына қолдау көрсетеді. Мынандай мүмкіндіктер береді:

- түрлі құрылғылар мен смартфондардың функцияларынан музыка/аудио мазмұнын таңдау;
- түрлі параметрлерді түйсікпен басқару;
- смартфонның дисплейімен музыканың көрнекі мүмкіндіктерін арттыру.

Ескертпе

Төмендегі операцияларды орындау алдында [Bluetooth Mode] опциясы [Receiver] күйіне орнатылғанын тексеріңіз (25-бет).

Android құрылғысын қолданғанда

- 1 "SongPal" қолданбасын іздеп, жүктеп алып қосыңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- 2 BLUETOOTH байланысының дисплей құрылғыда пайда болса PAIRING ⓧ түймесін басыңыз.
Көк жарық диоды индикаторы жанады.
- 3 "HT-NT3" опциясын BLUETOOTH құрылғылары тізімінен таңдаңыз.
Байланыс орнатылған кезде көк жарық диоды индикаторы жанады.
- 4 Жүйені қосылған құрылғының дисплейі арқылы басқарыңыз.


iPod/iPhone пайдалану кезінде

- 1 PAIRING ⓧ түймесін басыңыз.
Көк жарық диоды индикаторы жанады.
- 2 iPod/iPhone құрылғысын жұптастыру режиміне орнатыңыз.
- 3 "HT-NT3" опциясын iPhone/iPod құрылғылары тізімінен таңдаңыз.
Байланыс орнатылған кезде көк жарық диоды индикаторы жанады.
- 4 "SongPal" қолданбасын іздеп, жүктеп алып қосыңыз.
- 5 Жүйені қосылған құрылғының дисплейі арқылы басқарыңыз.

Сымды желімен қосу

LAN кабелі арқылы жүйені желіге қосу

Келесі сурет үйдегі желінің жүйе және сервер үлгілі конфигурациясы болып табылады.



Сымды LAN байланысын орнату

Егер [Easy Network Settings] орындалса, келесі орнату жұмысын орындаудың керегі жоқ.

- 1 HOME түймесін басыңыз.**
Теледидар экранында бастапқы экран пайда болады.
- 2 ↕ түймесін [Setup] опциясын таңдау үшін жоғарғы оң жақ бұрышта басып, ⊕ түймесін басыңыз.**
- 3 ↕/↔ түймесімен [Network Settings] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.**
- 4 ↕/↔ түймесімен [Internet Settings] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.**
- 5 ↕/↔ түймесімен [Wired Setup] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.**
IP мекенжайын алу әдісін таңдау экраны ТД экранында пайда болады.
- 6 ↕/↔ түймесімен [Auto] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.**
- 7 Ақпаратты шолу үшін ↕/↔ түймесін басып, ➔ түймесін басыңыз.**
- 8 ↕/↔ түймесімен [Save & Connect] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.**

Жүйе желіге қосылуды бастайды. Мәліметтер үшін ТД экранында көрсетілетін хабарларға қараңыз.

Егер бекітілген IP мекенжайы болса

6-қадамдағы [Custom] опциясын таңдап, [Specify IP address] таңдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. IP мекенжайын енгізу өрісі теледидар экранында пайда болады. [IP Address] мәнін енгізу үшін экрандағы нұсқауларды орындап, одан кейін мәндерді растау үшін ⊕ түймесін басыңыз. [Subnet Mask], [Default Gateway], [Primary DNS] және [Secondary DNS] мәндерін енгізіп, ⊕ түймесін басыңыз.

Сымсыз желімен қосу

Сымсыз LAN байланысын орнату

Желінің параметрлерін орнату алдында

Сымсыз LAN маршрутизаторы (кіру нүктесі) Wi-Fi қорғалған орнату (WPS) үйлесімді болып табылса, желі параметрлерін WPS нүктесімен оңай орнатуға болады. Болмаған жағдайда келесі ақпаратты таңдау немесе енгізу талап етіледі. Келесі ақпаратты алдын ала тексеріңіз.

- Сымсыз LAN маршрутизаторы/қатынасу нүктесі желісінің атауы (SSID)*
- Желіге арналған қауіпсіздік кілті (құпиясөз)**

* SSID (қызметті орнату анықтаушы) арнайы қатынасу орнын анықтайтын атау болып табылады.

** Бұл ақпаратты сіздің сымсыз LAN маршрутизаторыңыздың/қатынасу орнының жапсырмасынан, пайдалану нұсқаулықтарынан, сымсыз желіңізді орнатқан адамнан немесе интернет қызметіңіздің провайдерінен алуға болады.

1 "Сымды LAN байланысын орнату" (16-бет) бөліміндегі 1-4 қадамдарды орындаңыз.

2 ↕/↔ түймесімен [Wireless Setup(built-in)] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

Қолжетімді SSID (қатынасу нүктелері) тізімі ТД экранында пайда болады.

3 Қалаған желі атауын (SSID) таңдау үшін ↕/↔ түймесін бірнеше рет басып, ⊕ түймесін басыңыз.

Қауіпсіздік параметрі теледидар экранында пайда болады.

4 Қауіпсіздік кілтін (WEP кілті, WPA/WPA2 кілті) бағдарламалық жасақтама пернетақтасын пайдаланып енгізіңіз. ↕/↔/↔ және ⊕ опцияларын таңбалар/нөмірлер таңдауға пайдаланып, қауіпсіздік кілтін растау үшін [Enter] опциясын таңдаңыз.

Жүйе желіге қосылуды бастайды. Мәліметтер үшін ТД экранында көрсетілетін хабарларға қараңыз.

Егер бекітілген IP мекенжайы болса

3-қадамдағы [New connection registration] опциясын таңдап, [Manual registration] опциясын таңдап, [Specify IP address] таңдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. IP мекенжайын енгізу өрісі теледидар экранында пайда болады. [IP Address] мәнін енгізу үшін экрандағы нұсқауларды орындап, одан кейін мәндерді растау үшін ⊕ түймесін басыңыз. [Subnet Mask], [Default Gateway], [Primary DNS] және [Secondary DNS] мәндерін енгізіп, ⊕ түймесін басыңыз.

Ескертпе

Егер желіңіз шифрмен (қауіпсіздік кілтін қолданып) қорғалмаған болса, 4-қадамда қауіпсіздік параметрі пайда болмайды.

Бастапқы желіде файлдарды ойнату

Басқа үй желісіне үйлесімді құрылғыдағы музыка/фотосурет файлдарын бастапқы желіге қосу арқылы ойнатуға болады.

Бұл жүйе ойнатқыш және жеткізуші ретінде қолданылады.

- Сервер: Сандық медиа мазмұндарын сақтап бөліседі
- Ойнатқыш: Серверден сандық медиа мазмұнын тауып ойнатады
- Жеткізуші: Сервердегі файлдарды алады және ойнатады, басқа құрылғы (реттегіш) басқаруы мүмкін
- Реттегіш: Жеткізуші құрылғыны басқарады


Home Network функциясын қолдануға дайындалыңыз.

- Жүйені желіге қосыңыз (16-бет).
- Басқа Home Network үйлесімді құрылғыны дайындаңыз. Мәліметтерді құрылғының пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Серверде сақталатын файлдарды жүйе арқылы (ойнатқыш) ойнату

Бастапқы экраннан [Home Network] параметрін таңдап, серверді таңдаңыз.

🎵 [Music] немесе 📷 [Photo] жүйесінен ойнатылатын файлды таңдаңыз.



Қашықтан басқару файлдарын жүйені (жеткізуші) үй желісі контроллері арқылы қолдана отырып ойнату

Серверде сақталатын файлдарды ойнатқанда, жүйені үй желісі контроллеріне үйлесімді құрылғысы (ұялы телефон, т.б.) арқылы басқаруға болады.



Жұмыс туралы мәліметтерді үй желісі реттегішіне үйлесімді құрылғыны пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Ескертпе


Қашықтан басқару құралы және реттегішпен берілген жүйені бір уақытта қолданбаңыз.

Кеңес

Жүйе Windows 7 стандартына сай Windows Media® Player 12 құрылғысының "Құрылғыда ойнату" (Play To) функциясына қолдау көрсетеді.

Түрлі онлайн қызметтерді пайдалану

Осы жүйемен интернет ұсынған музыка қызметтерін тыңдай аласыз. Бұл функцияны пайдалану үшін жүйе интернетке қосылуы қажет.



Ескертпе

Кейбір музыка қызметтерін пайдаланбас бұрын жүйені тіркеу керек. Тіркеу туралы мәліметтер алу үшін қызмет провайдерінің тұтынушыларға қызмет көрсету торабына кіріңіз.

1 HOME түймесін басыңыз.

Теледидар экранында бастапқы экран пайда болады.

2 ↔ түймесімен [Music Services] тармағын таңдап, (+) түймесін басыңыз.

ТД экранында қызмет провайдерлері тізімі пайда болады.

Ескертпе

Интернет мазмұны байланысының күйіне байланысты қызмет провайдерлерінің тізімі ТД экранында пайда болуы үшін уақыт керек болуы мүмкін.

Кеңес

OPTIONS түймесін басып, [Update List] опциясын таңдау арқылы қызмет провайдері тізімін жаңартуға болады.

3 Қажетті музыка қызметін таңдау үшін ↔ түймесін басып, одан кейін (+) түймесін басыңыз.

Алдыңғы каталогке өту үшін BACK түймесін басыңыз.

Жаңа музыка қызметін тіркеу

Сіз интернетте ұсынылған әр түрлі музыка қызметтерінің мазмұнын тыңдай аласыз.

Тіркеу кодын тексеру

Сіз жаңа музыка қызметін пайдаланған кезде жүйенің тіркеу кодын енгізу талабы болуы мүмкін.

1 Бастапқы экраннан [Music Services] параметрін таңдаңыз.

ТД экранында қызмет провайдерлері тізімі пайда болады.

2 Қажетті музыка қызметін таңдау үшін ↔ түймесін басып, одан кейін (+) түймесін басыңыз.

Тіркеу кодымен қоса тіркеу ақпараты ТД экранында пайда болады.

Ескертпе

Музыка қызметіне өту кезінде ТД экранында тіркеу ақпаратын көруге болады. Осы ақпарат уақытын белгілеу музыка қызметіне байланысты пайда болады.

Экранды көшіріп көрсету функциясын қолдану

"Screen mirroring" - Miracast технологиясы арқылы ұялы құрылғының экранын теледидардан көрсетуге арналған функция.

Жүйені тікелей Screen mirroring функциясын қолдайтын құрылғыға (мысалы, смартфон, планшет) қосуға болады. Құрылғы дисплейінің экранын теледидардың үлкен экранынан тамашалауға болады. Бұл функцияны қолдану үшін сымсыз байланыс маршрутизаторының (немесе кіру орнының) қажеті жоқ.

1 MIRRORING түймесін басыңыз.

2 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Құрылғыдан Screen mirroring функциясын іске қосыңыз.

Функцияны қосу туралы мәліметтерді құрылғымен бірге берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Бір рет түртіп көрсетілетін функциясы (NFC) арқылы Xperia смартфонна қосылу

MIRRORING түймесін басып, одан кейін динамик жолағындағы N белгісі жанындағы Xperia смартфонн ұстап тұрыңыз.

Экранды көшіріп көрсету функциясынан шығу

HOME немесе INPUT +/- түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Screen mirroring функциясын пайдаланғанда, басқа желідегі кедергілер әсерінен бейне мен дыбыс кейде бұрмалануы мүмкін.
- Screen mirroring кезінде кейбір желі функциялары істемеуі мүмкін.
- Құрылғының Miracast технологиясымен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз. Miracast технологиясымен үйлесімді барлық құрылғылармен байланыс орнатылатынына кепілдік берілмейді.
- Пайдалану ортасына байланысты бейне мен дыбыс сапасы нашарлауы мүмкін.

Кеңес


- Экранды көшіріп көрсету кезінде қажеттілік бойынша дыбыс әсерін таңдауға болады. Дыбыс әсері түймелерін басыңыз (49-бет).
- Егер сурет пен дыбыс сапасы бұрмаланса, [Screen mirroring RF Setting] (28-бет) орнатумен сапаны жетілдіруге болады.

Авторлық құқығы қорғалған 4K
мазмұнын көру

4K ТД қосу

Авторлық құқығы қорғалған 4K мазмұнын көру үшін әрбір жақтағы HDCP 2.2 үйлесімді HDMI ұясы арқылы жүйе мен ТД қосыңыз. HDCP 2.2 үйлесімді HDMI ұясымен жабдықталған ТД мәліметтері үшін теледидармен қамтамасыз етілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

ТД HDMI ұясы ARC* белгісімен белгіленген және HDCP 2.2 жүйесімен үйлесімді




* ARC (Audio Return Channel) функциясы ТД сандық дыбысын осы жүйеге немесе AV күшейткішіне HDMI кабелімен жеткізеді.

** Белгілі бір аймақтар үшін ғана қамтамасыз етілген.

ТД HDMI ұясы ARC белгісімен белгіленген және HDCP 2.2 жүйесімен үйлесімді емес

Егер ТД HDMI ұясы ARC белгісімен белгіленсе және HDCP 2.2 жүйесімен үйлесімсіз болса, жүйені HDMI кабелі арқылы HDCP 2.2 жүйесімен үйлесімді ТД HDMI ұясына қосыңыз. Одан кейін сандық дыбысты тыңдау үшін оптикалық сандық кабельді ТД оптикалық шығыс ұясына қосыңыз.



* Жоғары жылдамдықты HDMI кабелі немесе оптикалық сандық кабель аймаққа байланысты қамтамасыз етіледі.

4K құрылғыны қосу

4K құрылғысын HDMI IN 1 жүйе ұясына қосыңыз. HDCP 2.2 үйлесімді құрылғысы туралы мәліметтерді құрылғыға қоса берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Blu-ray Disc™ ойнатқышы, кабель жәшігі немесе спутниктік жәшік, тағы басқа.






Параметрлер және реттеулер

Орнату дисплейін пайдалану

Кескін және дыбыс сияқты элементтерге әртүрлі баптаулар жасай аласыз. Әдепкі параметрлерінің асты сызылады.

- 1 HOME түймесін басыңыз.**
Теледидар экранында бастапқы экран пайда болады.
- 2 ↑ түймесін [Setup] опциясын таңдау үшін жоғарғы оң жақ бұрышта басып, ⊕ түймесін басыңыз.**
- 3 ⚡/⚡ түймесімен орнату санатының белгішесін таңдап, одан кейін ⊕ түймесін басыңыз.**

Белгіше	Түсініктеме
	[Software Update] (23-бет) Жүйенің бағдарламалық жасақтамасын жаңартады.
	[Screen Settings] (23-бет) ТД түріне сәйкес экран параметрлерін орнатады.
	[Audio Settings] (24-бет) Қосу ұяларының түріне сәйкес дыбыс параметрлерін орнатады.
	[Bluetooth Settings] (25-бет) BLUETOOTH функциясының параметрін жан-жақты орнатады.
	[System Settings] (27-бет) Жүйеге қатысты параметрлерді орнатады.
	[Network Settings] (28-бет) Интернет және желі параметрлерін жан-жақты орнатады.
	[Input Skip Setting] (29-бет) Әр кіріс үшін кірісті елемей параметрін орнатады.

Белгіше	Түсініктеме
 1-2-3	[Easy Setup] (29-бет) Негізгі параметрлерді реттеу үшін [Easy Setup] функциясын қайта қосады.
 1-2-3	[Easy Network Settings] (29-бет) Негізгі желі параметрлерін реттеу үшін [Easy Network Settings] функциясын орындайды.
	[Resetting] (29-бет) Жүйенің әдепкі зауыттық параметрлерін қайта орнатады.



[Software Update]

Бағдарламалық жасақтаманы соңғы нұсқасына дейін жаңарту арқылы жаңа функцияларды пайдалана аласыз.

Бағдарламалық құралды жаңарту барысында алдыңғы тақта дисплейінде "UPDT" жазуы пайда болады. Жаңарту аяқталғаннан соң жүйе автоматты түрде қайта қосылады.

Жаңарту операциясы орындалып жатқан кезде жүйені өшірмеңіз немесе онымен не теледидармен жұмыс істемеңіз. Бағдарламалық жасақтама жаңаруы аяқталғанша күтіңіз.

Ескертпе

- Жаңарту функциялары туралы қосымша ақпарат алу үшін мына веб-сайтқа кіріңіз:

Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін:
www.sony.eu/support

Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
<http://www.sony-asia.com/section/support>

- Егер желі жағдайы нашар болса, ең соңғы бағдарламалық жасақтама нұсқасын жүктеп алу үшін жоғарыдағы веб-торапқа кіріп, USB жады арқылы жаңартыңыз.

■ [Update via Internet]

Бар желі арқылы жүйенің бағдарламалық құралын жаңартады. Желінің Интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Мәліметтерді "Желі функциясы" (16-бет) бөлімінен қараңыз.

■ [Update via USB Memory]

USB жады арқылы бағдарламалық құралды жаңартады. Бағдарламалық құралды жаңарту қалтасының атауы "UPDATE" болуы керек. Жүйе бір қабаттағы 500 жуық файлды/қалтаны, соның ішінде жаңарту файлдары/қалталарын тани алады.



[Screen Settings]

■ [TV Type]

[16:9]: Кең экранды теледидарға немесе кең режим функциясы бар теледидарға жалғағанда осыны таңдаңыз.

[4:3]: 4:3 экранды теледидарға кең режим функциясысыз қосылғанда осыны таңдаңыз.

■ [Output Video Resolution]

[Auto]: Жалғанған құрылғының немесе теледидардың ажыратымдылығына қарай бейне сигналын шығарады. [480i/576i]*, [480p/576p]*, [720p], [1080i], [1080p]: Бейне сигналын таңдалған ажыратымдылық параметріне қарай шығарады.

* Егер ойнату мазмұнының түс жүйесі NTSC болса, бейне сигналдары ажыратымдылығы тек [480i] және [480p] мәндеріне түрлендіріледі.

■ [24p Output]

[Network content 24p Output]

Бұл функция Screen mirroring мазмұнын ойнату үшін қолжетімді.

[Auto]: 24пикселді бейне сигналын тек 1080/24 пикселмен үйлесімді теледидарды HDMI байланысы арқылы қосып, [Output Video Resolution] тармағы [Auto] немесе [1080p] мәніне орнатылған кезде шығарады.
[Off]: Теледидар 1080/24 пиксел бейне сигналдарымен үйлескенде осыны таңдаңыз.

■ [4K Output]

[Auto1]: Sony 4K мүмкіндігін қолдайтын құрылғыға жалғанып тұрса, бейне ойнату барысында 2K (1920 × 1080) бейне сигналдарын, фотосурет көргенде, 4K бейне сигналдарын шығарады. 4K бейне сигналдарын ойнату кезінде және 24 пикселді бейне мазмұндарын ойнатқанда немесе фотосурет ойнатқанда Sony 4K-үйлесімді емес құрылғығанда жалғанғанда шығарады.

[Auto2]: 4K/24 пиксел бейне сигналдарын 4K/24 пиксел үйлесімді жабдыққа қосылғанда және 4K/24p үйлесімді құрылғысы және [24p Output] тармақтарында тиісті [Network content 24p Output] параметрін орнатқанда автоматты түрде шығарады, оған қоса 2D фотосурет файлдарын ойнатқанда 4K/24p фотосурет кескіндерін шығарады.
[Off]: Функцияны өшіреді.

Ескертпе

[Auto1] параметрі таңдалып тұрғанда Sony құрылғысы анықталмаса, бұл параметр [Auto2] параметрімен бірдей әсер береді.

■ [YCbCr/RGB (HDMI)]

[Auto]: Сыртқы құрылғының түрін автоматты түрде анықтап, сәйкес түс параметріне ауыстырады.
[YCbCr (4:2:2)]: YCbCr 4:2:2 бейне сигналдарын шығарады.
[YCbCr (4:4:4)]: YCbCr 4:4:4 бейне сигналдарын шығарады.
[RGB]: HDCP үйлесімді DVI ұялы құрылғыға қосылғанда осыны таңдаңыз.

■ [HDMI Deep Colour Output]

[Auto]: Әдеттегіше осыны таңдаңыз.

[12bit], [10bit]: Жалғанған теледидар терең түс функциясымен үйлесімді болғанда 12bit/10bit бейне сигналдарын шығарады.

[Off]: Кескін тұрақсыз болғанда немесе түстер табиғи болмай шыққанда осыны таңдаңыз.

■ [Video Direct]

[HDMI1], [HDMI2] немесе [HDMI3] кірісі таңдалған кезде жүйе экранындағы дисплейін (OSD) өшіруге болады. Ойынды ойнату кезінде осы функция пайдалы, ойын экранын толығымен пайдалануға болады.

[On]: OSD өшіреді. Ақпарат экранда көрсетілмейді және OPTIONS және DISPLAY түймелері өшіріледі.

[Off]: Дыбыс өрісін таңдау сияқты параметрлерді өзгерту кезінде экранда ақпарат көрсетіледі.

■ [SBM] (супер нүктелі бейнелеу)

[On]: HDMI OUT (ARC) ұясынан шыққан бейне сигналдарының шығысының градациясын біркелкі қылады.

[Off]: Дыбыс бейне сигналдары тұрақсыз болғанда немесе түстер табиғи болмай шыққанда осыны таңдаңыз.



[Audio Settings]

■ [DSEE HX]

[Music] опциясы дыбыс өрісінде таңдалған уақытат осы функция ғана қолжетімді болады.

[On]: Аудио файлын жоғары ажыратымдылықты аудио файлына жаңартып, жиі жоғалатын анық жоғары ажыратымдылықты дыбысты шығарады (10-бет).

[Off]: Өшірулі.

■ [Audio DRC]

Дыбыс жолағының динамикалық ауқымын сығымдауыңызға болады.

[Auto]: Dolby TrueHD ішінде кодталған

дыбысты автоматты түрде сығады.

[On]: Жүйе дыбыс жолағын жазу инженері ойлап шығарған динамикалық ауқымда шығарады.

[Off]: Динамикалық ауқымды сығу жоқ.

■ [Attenuation settings - Analog]

ANALOG IN ұясына қосылған құрылғыдан тыңдағанда, дыбыс бұрмаланып шығуы мүмкін. Жүйедегі кіріс деңгейін басу арқылы бұл бұрмаланудың алдын алуыңызға болады.

[On]: Кіріс деңгейін бәсеңдетеді.

Бұл параметрде шығыс деңгейі азаяды.

[Off]: Қалыпты кіріс деңгейі.

■ [Audio Output]

Шығыс әдісін дыбыс сигналы шығатын жерден таңдауыңызға болады.

[Speaker]: Дыбысты тек жүйенің динамиктерінен шығарады.

[Speaker + HDMI]: Жүйенің динамиктерінен дыбысты, ал HDMI OUT (ARC) ұясынан 2 арналы сызықтық PCM сигналдарын шығарады.

[HDMI]: Дыбысты тек HDMI OUT (ARC) ұясынан шығарады. Дыбыс форматы жалғанған құрылғыға байланысты болады.

Ескертпе

- [Control for HDMI] тармағы [On] күйіне орнатылған кезде (27-бет) және [Audio Output] тармағы [Speaker + HDMI] күйіне автоматты түрде орнатылған кезде бұл параметр өзгертілмейді.
- [Audio Output] параметрінің мәні [Speaker + HDMI], ал [HDMI1 Audio Input Mode] (27-бет) мәні [TV] болғанда, аудио сигналдар HDMI OUT (ARC) ұясынан шықпайды. (тек еуропалық модельдерде)

**[Bluetooth Settings]****■ [Bluetooth Mode]**

Жүйені пайдаланумен қашықтан басқару құрылғысынан мазмұндарды пайдалануға болады немесе құлаққаптар сияқты басқа құрылғымен осы жүйе дыбысын тыңдауға болады.

[Receiver]: Бұл жүйе ресивер режимінде бұл қашықтан басқару құрылғысынан аудио алуға және шығаруға мүмкіндік береді.

[Transmitter]: Бұл жүйе таратқыш режимінде бұл қашықтан басқару құрылғысына аудио жіберуге мүмкіндік береді.

[Off]: BLUETOOTH құрылғысының қуаты өшеді және [Bluetooth Audio] кірісін таңдау мүмкін емес.

Ескертпе

[Bluetooth Mode] опциясы [Off] күйіне орнатылса, бір рет түртіп тыңдау функциясымен қашықтан басқару құрылғысына қосылуға болады.

■ [Device List]

[Bluetooth Mode] опциясы [Transmitter] (25-бет) күйіне орнатылған кезде жұптастырылған және анықталған BLUETOOTH ресиверлері тізімін көрсетеді.

■ [Bluetooth Standby]

Жүйе күту режимінде болған кезде BLUETOOTH арқылы жүйені қосу үшін [Bluetooth Standby] орнатуға болады. [Bluetooth Mode] опциясын [Receiver] не [Transmitter] күйіне орнату кезінде осы функция ғана қолжетімді.

[On]: BLUETOOTH байланысы жұптастырылған BLUETOOTH құрылғысынан орнатылғанда, жүйе автоматты түрде қосылады.

[Off]: Өшірулі.

Ескертпе

Егер [Quick Start Mode] опциясы [Off] күйіне және [Bluetooth Standby] опциясы [On] күйіне орнатылса, жүйе BLUETOOTH құрылғысымен қосылады және BLUETOOTH байланысы сәтсіз болады.

■ [Bluetooth Codec - AAC]

[Bluetooth Mode] опциясын [Receiver] не [Transmitter] күйіне орнату кезінде осы функция ғана қолжетімді.

[On]: AAC кодекігін қосыңыз.

[Off]: AAC кодекігін өшіріңіз.

Ескертпе

- Егер АСС қосылған болса, жоғары сапалы дыбысты пайдалануға болады. Құрылғыңыздан АСС дыбысын ести алмасаңыз, [Off] тармағын таңдаңыз.
- Егер [Bluetooth Codec - AAC] параметрі BLUETOOTH құрылғысы қосылған кезде өзгерсе, кодек параметрі келесі байланыстан кейін өзгереді.

■ [Bluetooth Codec - LDAC]

[Bluetooth Mode] опциясын [Receiver] не [Transmitter] күйіне орнату кезінде осы функция ғана қолжетімді.

[On]: LDAC кодекігін қосыңыз.

[Off]: LDAC кодекігін өшіріңіз.

Ескертпе

Егер [Bluetooth Codec - LDAC] параметрі BLUETOOTH құрылғысы қосылған кезде өзгерсе, кодек параметрі келесі байланыстан кейін өзгереді.

Кеңес

LDAC - Sony бойынша әзірленген BLUETOOTH байланысымен қолданылатын Жоғары ажыратымдылықты (Hi-Res) аудио мазмұнын кодтау технологиясы. Басқа SBC сияқты BLUETOOTH үйлесімді кодтау технологияларына қарағанда Жоғары ажыратымдылықты (Hi-Res) аудио мазмұны* жиілігін төмендетусіз жұмыс істейді әрі тиімді кодтау және оңтайлы пакеттеу құралдары арқасында ерекше дыбыс сапасымен BLUETOOTH сымсыз желісі арқылы басқа технологиялардан үш есе көп деректерді тасымалдауға мүмкіндік береді.

* DSD пішімді мазмұнын ескермеу.

**SBC (көп жолақты кодтау) технологиясымен салыстырғанда 990 кбит/сек (96/48 кГц) немесе 909 кбит/сек (88,2/44,1 кГц) бит жылдамдығы таңдалады.

■ [Wireless Playback Quality]

LDAC ойнатылатын тасымалдау деректері жылдамдығын орнатуға болады. [Bluetooth Mode] опциясын [Transmitter] күйіне және [Bluetooth Codec - LDAC] опциясын [On] күйіне орнату кезінде осы функция ғана қолжетімді.

[Auto]: Деректердің жылдамдығы ортаға байланысты автоматты түрде өзгереді.

Егер аудионы ойнату осы параметрде тұрақсыз болса, басқа үш параметрді пайдаланыңыз.

[Sound Quality]: Ең жоғары деректер жылдамдығы пайдаланылады. Дыбыс жоғары сапада жіберіледі, дегенмен, байланыс сапасы жеткілікті болмаса, аудионы ойнату кейде тұрақсыз болады.

[Standard]: Орташа деректер жылдамдығы пайдаланылады. Бұл дыбыс сапасы мен ойнату тұрақтылығын теңестіреді.

[Connection]: Тұрақтылыққа басымдық беріледі. Дыбыс сапасын арттыруға болады және байланыс күйі көбінесе тұрақты болады. Егер байланыс тұрақсыз болса, осы параметр ұсынылады.



[System Settings]

■ [OSD Language]

Жүйенің экрандық дисплейіне арналған қалаған тілді таңдауыңызға болады.

■ [Wireless Sound Connection]

Сымсыз жүйе үшін кейінгі параметрлерді орнатуыңызға болады. Мәліметтерді "Сымсыз жүйенің қосымша параметрлері" (34-бет) бөлімінен қараңыз.

■ [IR-Repeater]

[On]: Қашықтан басқару құралынан теледидарға сигналды ауыстыратын жүйені қосады (34-бет).

[Off]: Өшірулі.

■ [HDMI Settings]

[Control for HDMI]

[On]: [Control for HDMI] функциясын қосады. HDMI кабелімен жалғанған құрылғыны бірге басқара аласыз.

[Off]: Өшірулі.

[Audio Return Channel]

Бұл функция жүйені теледидардың аудио қайтару арнасы функциясымен үйлесімді HDMI IN ұясына қосқанда және [Control for HDMI] опциясы [On] күйіне орнатылғанда қолжетімді.

[Auto]: Жүйе теледидардың сандық дыбыс сигналын HDMI кабелі арқылы жалғанған кезде автоматты түрде қабылдай алады.

[Off]: Өшірулі.

[Standby Through]

Жүйе күту режимінде тұрса да HDMI сигналдарын теледидарға шығаруға болады. [Control for HDMI] опциясын [On] күйіне орнату кезінде осы функция ғана қолжетімді.

Әдепкі параметр:

– [Off] (тек еуропалық модельдерде)

– [Auto] (Басқа үлгілер)

[Auto]: Жүйе күту режимінде болған кезде ТД қосулы болса, HDMI OUT (ARC) ұясынан сигналдар шығады. Бұл параметр қуатты [On] параметрімен салыстырылғанда күту режимінде сақтайды.

[On]: Жүйе күту режимінде болған кезде HDMI OUT (ARC) ұясынан үнемі сигналдар шығады. Егер "BRAVIA" басқа ТД қосылса, осы параметрді таңдауды ұсынамыз.

[Off]: Жүйе күту режимінде болған уақытта сигналдар шықпайды. Бұл параметр қуатты [On] параметрімен салыстырылғанда күту режимінде сақтайды.

[HDMI1 Audio Input Mode]

(тек еуропалық модельдерде)

HDMI IN 1 ұясына жалғанған құрылғысының дыбыс кірісін таңдай аласыз.

[HDMI1]: HDMI IN 1 ұясына жалғанған құрылғының дыбысы - HDMI IN 1 ұясынан келген кіріс.

[TV]: HDMI IN 1 ұясына жалғанған құрылғының дыбысы - TV (DIGITAL IN) ұясынан келген кіріс.

■ [Quick Start Mode]

[On]: Күту режиміндегі қосылу уақытын қысқартады. Жүйені қосқаннан кейін онымен жұмыс істеуіңізге болады.

[Off]: Әдепкі параметр.

■ [Auto Standby]

[On]: [Auto Standby] функциясын қосады.

Жүйемен 20 минуттан астам уақытқа жұмыс істемесеңіз, ол күту режиміне автоматты түрде енеді.

[Off]: Өшірулі.

■ [Auto Display]

[On]: Кескін режимін, дыбыстық сигналдарды, т.б. ауыстырғанда ақпаратты экранға автоматты түрде шығарады.

[Off]: Ақпаратты тек DISPLAY тармағын басқан кезде көрсетеді.

■ [Software Update Notification]

[On]: Жүйені сізді бағдарламалық құралдың соңғы нұсқасы туралы ақпарат туралы хабардар ететін етіп қояды (23-бет).

[Off]: Өшірулі.

■ [Device Name]

BLUETOOTH немесе Screen mirroring функциясы қосылып тұрғанда тезірек табылуы үшін жүйенің атауын өзгертіп қоюға болады. Сонымен қатар, аты желі қолданысында Home Network ретінде пайдаланылады. Экрандағы нұсқауларды орындап, бағдарламалық пернетақта арқылы атауды енгізіңіз.

■ [System Information]

Жүйенің бағдарламалық жасақтамасының нұсқасы туралы ақпаратты және MAC мекенжайын көрсете аласыз.

■ [Software License Information]

Бағдарламалық жасақтаманың лицензиясы туралы ақпаратты көрсете аласыз.



[Network Settings]

■ [Internet Settings]

Жүйені алдымен желіге қосыңыз. Мәліметтерді "Желі функциясы" (16-бет) бөлімінен қараңыз.

[Wired Setup]: Кең жолақты маршрутизаторды LAN кабелімен жалғағанда, осыны таңдаңыз. Бұл параметрді таңдағанда, орнатылған сымсыз LAN автоматты түрде өшеді.
[Wireless Setup(built-in)]: Сымсыз желіге қосылу үшін жүйедегі кірістірілген сымсыз LAN желісін пайдаланғанда, осыны таңдаңыз.

Кеңес

Қосымша мәліметтер алу үшін төмендегі веб-сайтқа кіріп, "Жиі қойылатын сұрақтар" бөлімін қараңыз:

Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін:
www.sony.eu/support

Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
<http://www.sony-asia.com/section/support>

■ [Network Connection Status]

Ағымдағы желі байланысының күйін көрсетеді.

■ [Network Connection Diagnostics]

Желінің дұрыс байланысқанын тексеру үшін желі диагностикасын жүргізуіңізге болады.

■ [Screen mirroring RF Setting]

LAN (жергілікті желі) сияқты бірнеше сымсыз жүйені пайдалансаңыз, сымсыз сигналдар тұрақсыз болуы мүмкін. Бұндай жағдайда ойнату тұрақтылығы Screen mirroring басымдық радиосы жиілігі арнасын орнатумен жетілдірілуі мүмкін.

[Auto]: Әдеттегіше осыны таңдаңыз. Жүйе Screen mirroring үшін ең тиімді арнаны автоматты түрде таңдайды.
[CH1]/[CH 6]/[CH 11]: Таңдалған арна Screen mirroring байланысы үшін басымдық беріледі.

■ [Connection Server Settings]

Қосылған Home Network серверін көрсету не көрсетпеу керектігін белгілейді.

■ [Auto Renderer Access Permission]

[On]: Жаңадан табылған Home Network басқару құрылғысынан автоматты түрде кіруге рұқсат береді.
[Off]: Өшірулі.

■ [Renderer Access Control]

Home Network контроллеріне үйлесімді өнімдердер тізімін көрсетеді немесе тізімдегі контроллерлер пәрмендерін қабылдау не қабылдамау шешімін орнатады.

■ [External Control]

[On]: Осы жүйені пайдалануға үйдегі автоматты контроллерге мүмкіндік береді.
[Off]: Өшірулі.

■ [Remote Start]

[On]: Жүйе күту режимінде болғанда жүйені желі арқылы жалғанған құрылғымен қосуға мүмкіндік береді.
[Off]: Жүйені желі арқылы жалғанған құрылғымен қосуға болмайды.

**[Input Skip Setting]**

Өткізіп жіберу параметрі INPUT +/- түймесімен функцияны таңдаған кезде пайдаланылмайтын мәндерді өткізіп жіберуге мүмкіндік береді.

[Do not skip]: Жүйе таңдалған кірісті өткізіп жібермейді.

[Skip]: Жүйе таңдалған кірісті өткізіп жібереді.

Ескертпе

Бастапқы мәзір көрсетілген кезде INPUT +/- түймесін басылса, кіріс белгішесі [Skip] күйіне орнатылған кезде жойылады.

**[Easy Setup]**

Негізгі бастапқы параметрлерді және жүйе үшін негізгі желі параметрлерін жасауға [Easy Setup] орындаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

**[Easy Network Settings]**

Негізгі желі параметрлерін реттеу үшін [Easy Network Settings] функциясын орындайды. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

**[Resetting]****■ [Reset to Factory Default Settings]**

Параметрлер тобын белгілеу арқылы жүйенің зауыттық әдепкі параметрлерін қалпына келтіре аласыз. Топтағы барлық параметрлер қалпына келтіріледі.

■ [Initialise Personal Information]

Жүйеге сақталған жеке ақпараттарыңызды өшіре аласыз.

Ескертпе

Бұл жүйені қоқысқа тастаған, басқа біреуге табыстаған немесе сатқан жағдайда, қауіпсіздік үшін жеке ақпаратты өшіріңіз. Желі қызметін қолданғаннан кейін, жүйеден шығу сияқты тиісті әрекеттерді орындаңыз.

Опциялар мәзірін қолдану

OPTIONS түймесін басу арқылы әр түрлі параметрлер мен ойнату әрекеттері қол жетімді болады. Қолжетімді элементтер жағдайға байланысты ерекшеленеді.

Негізгі опциялар**[A/V SYNC]**

Сурет пен дыбыс арасында уақыт аралығын реттейді (30-бет).

[Sound Field]

Дыбыс өрісі параметрін өзгертеді (9-бет).

[Night]

Түн режимі функциясын қосады немесе өшіреді (10-бет).

[Voice]

Анық дауыс дыбыстарын пайдалану үшін диалог ауқымын кеңейтеді (10-бет).

[Repeat Setting]

Ойнатуды қайталауды орнатады.



[Play/Stop]

Ойнатуды бастайды не тоқтатады.

[Play from start]

Элементті басынан ойнатады.

[Change Category]

[USB] немесе [Home Network] кірістері  [Music] және  [Photo] санаты арасында ауыстырады. Бұл тармақ дисплей тізімі санат үшін қолжетімді болғанда ғана қолжетімді болады.

Тек [Music]

[Shuffle Setting]

Кездейсоқ ойнатуды орнатады.

[Add Slideshow BGM]

USB жад құралындағы музыкалық файлдарды слайдшоу фонының музыкасы (BGM) ретінде тіркейді.

Тек [Photo]

[Slideshow]

Слайдшоуды іске қосады.

[Slideshow Speed]

Слайд шоу жылдамдығын өзгертеді.

[Slideshow Effect]

Слайдшоу ойнатылып жатқанда әсерін орнатыңыз.

[Slideshow BGM]

- [Off]: Функцияны өшіреді.
- [My Music from USB]: [Add Slideshow BGM] ішінде тіркелген музыкалық файлдарды белгілейді.

[Change Display]

[Grid View] және [List View] арасында ауысады.

[Rotate Left]

Фотосуретті сағат тіліне қарсы 90 градусқа бұрады.

[Rotate Right]

Фотосуретті сағат тілімен 90 градусқа бұрады.

[View Image]

Таңдалған суретті көрсетеді.

Сурет пен дыбыс арасында кейінге қалдыруды реттеу

[A/V SYNC]

Дыбыс теледидар экранындағы суреттерге сәйкес келмесе, төмендегі кірістер үшін сурет пен дыбыс арасындағы кешігуді реттеуге болады. Орнату әдісі кіріске байланысты ерекшеленеді.

[HDMI1], [HDMI2] немесе [HDMI3] кірісі таңдалған кезде

1 OPTIONS түймесін басыңыз.

ТД экранында опциялар мәзірі пайда болады.

2 түймесімен [A/V SYNC] тармағын таңдап, түймесін басыңыз.

3 Кешігуді реттеу үшін түймесін, содан кейін түймесін басыңыз.

25 мс қадаммен 0-300 мс аралығында реттеуге болады.

[TV] кірісі таңдалған кезде

1 OPTIONS түймесін басыңыз.

Алдыңғы тақта дисплейінде "SYNC" жазуы пайда болады.

2 немесе түймесін басыңыз.

3 Кешігуді реттеу үшін түймесін, содан кейін түймесін басыңыз.

25 мс қадаммен 0-300 мс аралығында реттеуге болады.

4 OPTIONS түймесін басыңыз.

Алдыңғы тақта дисплейінде "SYNC" жазуы жойылады.

"BRAVIA" Sync үшін Control for HDMI функциясын қолдану

Теледидарларда бұл функция "BRAVIA" Sync функциясы арқылы қол жетімді. HDMI кабелімен Control for HDMI функциясына үйлесімді Sony өнімдерін қосу арқылы операция төмендегі мүмкіндіктермен жеңілдетіледі. Control for HDMI функциясын [Control for HDMI] опциясын [On] (27-бет) күйіне орнату арқылы қосуға болады.

Ескертпе

- "BRAVIA" Sync функциясын қолдану үшін HDMI байланысы аяқталғаннан соң жүйені және барлық жалғанған құрылғыны қосуды ұмытпаңыз.
- Жалғанған құрылғының параметрлеріне байланысты Control for HDMI функциясы дұрыс істемеуі мүмкін. Құрылғыға қоса берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Control for HDMI - Оңай параметр

Жүйенің [Control for HDMI] функциясын теледидардағы сәйкес параметрге мүмкіндік беру арқылы автоматты түрде орнатуға болады. "DONE" хабары Easy Setting орындалған кезде алдыңғы тақта дисплейінде пайда болады.

Ескертпе

Егер жоғарыдағы параметр қосылу болса, [Control for HDMI] функциясын қолмен орнатуға болады. Мәліметтерді "[HDMI Settings]" (27-бет) бөлімінен қараңыз.

Жүйені өшіру

ТД өшірілетін болса, жүйе және қосылған құрылғы автоматты түрде өшіріледі.

Ескертпе

Музыка осы жүйеде ойнатылғанда жүйе автоматты түрде өшпейді.

Бір рет түртіп ойнату

HDMI кабелімен жүйеге қосылған құрылғыдағы мазмұнды ойнату кезінде (Blu-ray Disc™ ойнатқышы, "PlayStation®4", т.б.) жүйе мен ТД автоматты түрде қосылып, жүйе кірісі тиісті HDMI кіріске қосылады.

Ескертпе

- Жоғарыда берілген мүмкіндік кейбір құрылғылармен жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер [Standby Through] опциясы [Auto] не [On] (27-бет) күйіне орнатылса, жүйе күту режимінде болған кезде қосылған құрылғыдағы мазмұндар ойнатылса, жүйе күту режимінде қалған кезде дыбыс пен кескін ғана шығады.

Аудио бақылау жүйесі

Теледидарды қарау кезінде жүйе қосылатын болса, ТД дыбысы жүйенің динамиктерінен автоматты түрде шығады. ТД қашықтан басқару құралы арқылы дыбысты реттегенде жүйенің дыбысы да реттеледі.

Сіз соңғы рет ТД көргенде ТД дыбысы динамиктерден шығып тұрған болса, сіз теледидарды қайта қосқанда, жүйе автоматты түрде қосылады.

Сондай-ақ, Twin Picture функциясын (сурет және сурет (P&P)) теледидарда пайдалану кезінде осы мүмкіндікті қолданыңыз.

– Егер [TV], [HDMI1], [HDMI2] не [HDMI3] кірісі таңдалса, дыбыс жүйеден шығуы мүмкін.

– Егер [TV], [HDMI1], [HDMI2] не [HDMI3] басқа кірісі таңдалса, Twin Picture функциясын пайдалану кезінде ғана дыбыс шығады. Twin Picture функциясын өшірген кезде дыбыс жүйеден шығады.

Audio Return Channel

Теледидардың дыбысын тек бір HDMI кабелімен жүйе арқылы естуге болады. Параметр туралы мәліметтерді "[Audio Return Channel]" (27-бет) бөлімінен қараңыз.

Echo Canceling Sync

ТД бағдарламаларымен көру кезінде Social Viewing пайдалану барысында эхо төмендетуге болады. Сұхбат анық болады.

- Егер ағымдағы таңдалған кіріс [TV], [HDMI1], [HDMI2] не [HDMI3] болса, кіріс автоматты түрде [TV] кірісіне өзгертіледі. Social Viewing және ТД бағдарламасы дыбысы жүйеден шығады.
- Егер ағымдағы таңдалған кірістер [TV], [HDMI1], [HDMI2] не [HDMI3] басқа болса, Social Viewing дыбысы және ойнату мазмұны теледидардан шығады.

Ескертпе

- Бұл мүмкіндік Social Viewing функциясына қолдау көрсететін тек ТД үшін жұмыс істейді. Мәліметтерді ТД пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Дыбыс осы жүйеден шығуы үшін теледидарда аудио шығыс параметрі орнатылғанын тексеріңіз.
- Echo Canceling Sync функциясы - Sony жеке функциясы. Бұл функция Sony шығармаған құрылғылармен басқару мүмкін емес.

Home Theatre Control

Егер Home Theatre Control үйлесімді ТД жүйеге қосылатын болса, интернетке негізделген қолданбалар белгішесі қосылған теледидарда пайда болады.

Қашықтан басқару құралын қолдану арқылы жүйе параметрлерін өзгертуге болады (кіріс немесе дыбыс өрісін өзгерту сияқты).

Ескертпе

- Home Theatre Control функциясын қолдану үшін ТД интернетке қосылуы қажет.
- Home Theatre Control функциясы - Sony жеке функциясы. Бұл функция Sony шығармаған құрылғылармен басқару мүмкін емес.

Тілдің орындалуы

Теледидар экрандық дисплейінің тілін өзгертсе, оның экрандық тілі де ауысады.

HDMI байланысындағы ескертпелер

- Жоғары жылдамдықты HDMI кабелін қолданыңыз. Егер стандартты HDMI кабелі қолданылса, 1080p, Deep Colour, 3D және 4K мазмұны дұрыс көрсетілмей мүмкін.
- Рұқсат етілген HDMI кабелін қолданыңыз. Кабель түрінің логотипі бар Sony жоғары жылдамдықты HDMI кабелін пайдаланыңыз.
- HDMI-DVI түрлендіру кабелін қолдану ұсынылмайды.
- HDMI ұясынан тасымалданатын аудио сигналдарды (пішім, дискреттеу жиілігі, бит ұзындығы, т.б.) қосылған құрылғы басуы мүмкін.
- Ойнату құрылғысынан аудио шығыс сигналдарының дискреттеу жиілігі немесе арналар саны ауыстырылса, дыбыс шықпауы мүмкін.
- [TV] кірісі таңдалғанда HDMI IN 1/2/3 ұяларының бірі арқылы соңғы рет таңдалған бейне сигналдары HDMI OUT (ARC) ұясынан шығады.
- Бұл жүйе , Deep Colour, "x.v.Colour", 3D және 4K тасымалына қолдау көрсетеді.

- 3D мазмұнын көру үшін 3D-үйлесімді теледидар және бейне құрылғысын (Blu-ray Disc™ ойнатқышы, "PlayStation®4", т.б.) жоғары жылдамдықты HDMI кабельдерін қолдану арқылы ресиверге қосып, HDM көзілдіріктерін алып, 3D үйлесімді Blu-ray Disc™, т.б. ойнатыңыз.
- 4K мазмұнын көру үшін жүйеге қосылған теледидар мен ойнатқыштар 4K мазмұнымен үйлесімді болу керек.

Мультиплекстік тарату сигналын пайдалану (Dual Mono)

Жүйе Dolby Digital мультиплекс хабарлау сигналын қабылдағанда мультиплекс хабарлау сигналын қолдануға болады.

Ескертпе

Dolby Digital сигналын қабылдау үшін теледидарды немесе басқа құрылғыларды TV (DIGITAL IN) ұясына оптикалық сандық сыммен қосу керек.

Теледидардың HDMI IN ұясы Audio Return Channel функциясымен (27-бет) үйлесімді болса, Dolby Digital сигналын HDMI кабелі арқылы қабылдауға болады.

Қажетті сигнал алдыңғы тақта дисплейінде пайда болғанша AUDIO түймесін бірнеше рет басыңыз.

- "MAIN": Негізгі тілдің дыбысы шығады.
- "SUB": Қосымша тілдің дыбысы шығады.
- "MN/SB": Негізгі және қосымша тілдің екеуінің де аралас дыбысы шығады.

Жолақ динамигіндегі түймелерді өшіру (балалардан қорғау)

Жолақ динамигіндегі түймелерді (I/⏻ есептемегенде) баланың зақымдануы сияқты келеңсіздікті болдырмау үшін өшіруге болады. Осы жұмысты орындауға жолақ динамигіндегі түймелерді қолдануды ұмытпаңыз.

INPUT басып тұрып, VOL –, VOL + және VOL – түймелерін ретімен басыңыз.

Алдыңғы тақта дисплейінде "LOCK" жазуы пайда болады.

Жүйені қашықтан басқару құрал арқылы қолдануға болады.

Болдырмау үшін INPUT басып тұрып, VOL –, VOL + және VOL – түймелерін "UNLCK" хабары алдыңғы тақта дисплейінде пайда болғанша ретімен басыңыз.

Жарықтықты өзгерту

Алдыңғы тақта дисплейі мен көк жарық диоды индикаторы ашықтығын өзгертуге болады.

DIMMER түймесін бірнеше рет басыңыз.

Жарықтықты 3 деңгейде өзгертуге болады.*

* "DIM1" және "DIM2" параметрлерінің ашықтығы бірдей.

Ескертпе

"DIM2" таңдалған кезде алдыңғы тақта дисплейі өшеді. Егер жүйе шамамен 10 секунд пайдаланылмаса, түймелерді басқан кезде автоматты түрде қосылып қайта өшеді. Дегенмен, кейбір жағдайларда алдыңғы тақта дисплейі өшуі мүмкін.


Күту режимінде қуатты үнемдеу

Келесі параметрлердің орындалғанын тексеріңіз:

- [Bluetooth Standby] параметрі [Off] күйіне орнатылған (25-бет).
- [HDMI Settings] ішіндегі [Control for HDMI] параметрі [Off] күйіне орнатылған (27-бет).
- [Quick Start Mode] параметрі [Off] күйіне орнатылған (27-бет).
- [Remote Start] параметрі [Off] күйіне орнатылған (29-бет).

IR қайталағышы функциясын қосу (ТД басқару мүмкін емес кезде)

Жолақ динамигі ТД қашықтан басқару құралына кедергі келтірген кезде ТД қашықтан басқару құралы жұмыс істемеуі мүмкін. Бұндай жағдайда жүйенің IR қайталағышы функциясын қосыңыз. Жолақ динамигі артынан қашықтағы сигналды жіберу арқылы ТД қашықтан басқару құралымен ТД басқаруға болады.



Ескертпе

- ТД қашықтан басқару құралымен ТД басқару мүмкін еместігін тексеріп, одан кейін [IR-Repeater] опциясын [On] күйіне орнатыңыз. Егер бұл [On] күйіне қашықтан басқару құралымен ТД басқару мүмкін кезде орнатылса, жолақ динамигі арқылы тиісті операция қашықтан басқару құралы мен пәрмен арасындағы кедергіге байланысты алынбауы мүмкін.
- Кейбір теледидарларда осы функция дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Бұндай жағдайда жолақ динамигін теледидардан алыс орналастырыңыз.

1 Жүйенің қашықтан басқару құралында HOME түймесін басыңыз.

Теледидар экранында бастапқы экран пайда болады.

2 **↕** түймесін [Setup] опциясын таңдау үшін жоғарғы оң жақ бұрышта басып, **⊕** түймесін басыңыз.

3 **↕/↕** түймесімен [System Settings] тармағын таңдап, **⊕** түймесін басыңыз.

4 **↕/↕** түймесімен [IR-Repeater] тармағын таңдап, **⊕** түймесін басыңыз.

5 **↕/↕** түймесімен [On] тармағын таңдап, **⊕** түймесін басыңыз.

Сымсыз жүйенің қосымша параметрлері

[Wireless Sound Connection] параметрлерінің көмегімен сымсыз жүйенің қосымша параметрлерін орнатуыңызға болады.

1 HOME түймесін басыңыз.

Теледидар экранында бастапқы экран пайда болады.

2 **↕** түймесін [Setup] опциясын таңдау үшін жоғарғы оң жақ бұрышта басып, **⊕** түймесін басыңыз.

3 ↕/↔ түймесімен [System Settings] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

4 ↕/↔ түймесімен [Wireless Sound Connection] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

[Wireless Sound Connection] дисплейі пайда болады.

- [Secure Link] (35-бет)
- [RF Band]* (35-бет)

* Бұл функция кейбір елдерде/аймақтарда болмауы мүмкін.

Арнайы құрылғылар арасында сымсыз тасымалды белсендіру

[Secure Link]

Қауіпсіз байланыс арнасының функциясын қолдану арқылы жолақ динамигін сабвуфермен байланыстыратын сымсыз байланысты көрсетуге болады.

Бұл функция бірнеше сымсыз өнімдерді өзіңіз қолдансаңыз немесе көршілеріңіз қолданса қолайсыз әсерді алдын алады.

1 [System Settings] ішінен [Wireless Sound Connection] параметрін таңдаңыз (34-бет).

2 ↕/↔ түймесімен [Secure Link] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

3 ↕/↔ түймесімен [On] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

4 Сабвуфер артындағы SECURE LINK түймесін басыңыз.

Бірнеше минут ішінде келесі қадамға өтіңіз.

5 ↕/↔ түймесімен [Start] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

Алдыңғы дисплейге оралу үшін [Cancel] пәрменін таңдаңыз.

6 [Secure Link setting is complete.] хабары көрсетілгенде ⊕ түймесін басыңыз.

Сабвуфер жолақ динамигін байланысады және сабвуфердегі қосу/күту индикаторы сарғыш түсте қосылады. [Cannot set Secure Link.] хабары пайда болса, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қауіпсіз байланыс арнасының функциясынан бас тарту

Тақта динамигі үшін

Жоғарыдағы 3-қадамдағы [Off] күйін таңдаңыз.

Сабвуферге арналған

Сабвуфер артқы жағындағы SECURE LINK түймесін қосу/күту индикаторы жасыл түспен жанғанша немесе жыпылықтай бастағанша басып тұрыңыз.

Жиіліктің ауқымын таңдау

[RF Band]

(Еуропа, Океания, Африка, Таяу Шығыс, Тайланд және Ресей модельдерінде ғана)

Радиожиілік арнасы кіретін жиілік ауқымын таңдауыңызға болады.

Ескертпе

Бұл функция кейбір елдерде/аймақтарда болмауы мүмкін.

1 [System Settings] ішінен [Wireless Sound Connection] параметрін таңдаңыз (34-бет).

2 ↕/↔ түймесімен [RF Band] тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

3 ▲/▼ түймесімен қажетті параметрді таңдап, ⊕ түймесін басыңыз.

- [Auto]: Әдеттегінше осыны таңдаңыз. Жүйе автоматты түрде тасымалдауға ең күшті жиілік ауқымын таңдайды.
- [5,2 ГГц], [5,8 ГГц]: Жүйе дыбысты таңдалған жиілік ауқымына сәйкесінше тасымалдайды.

Кеңес

[RF Band] параметрін [Auto] мәніне қойған дұрыс.


Жолақ динамигі бұрышын өзгерту

Жолақ динамигі түбіне тіректер тіреумен жолақ динамигі бұрышын өзгертуге болады.


Кеңес

Жолақ динамигін көз деңгейінен жоғары тегіс орынға орналастырған кезде тіреулерді ажырату дұрыс дыбыс бағдарын қамтамасыз етеді.


1 Жолақ динамигін жоғарыдан төмен қаратып бұрыңыз.



2 Тіректегі қос жақты таспадан қорғаныс бетін алып тастаңыз (қамтамасыз етілген).



3 "▲" жүйесін жолақ динамигіндегі "▲" жүйесіне сәйкестендіру арқылы тіректі жолақ динамигіне тіркеңіз.



4 Тіректі басқа жағына тіркеу үшін 2-ші және 3-ші қадамды қайталаңыз.



Қабырғаға жолақ динамигін бекіту

Жолақ динамигін қабырғаға бекітуге болады.


Ескертпе

- Қабырға материалына және күшіне сәйкес бұрандаларды (жинақта берілмеген) дайындаңыз. Гипстік бетті қабырға сынғыш келеді, бұрандаларды қабырға діңгегіндегі екі тиекке қауіпсіз түрде бекітіңіз. Тақта динамигін көлденең орнатыңыз, қабырғаның тұтас тегіс бөлігіне тиекке кигізілген бұрандалармен іліңіз.
- Sonу дилерлеріне немесе лицензиялы жеткізушілеріне орнатуға қосалқы мердігерлік жасауды тексеріп, орнату кезінде қауіпсіздікке көңіл бөліңіз.
- Sonу дұрыс емес орнату, жеткіліксіз қабырға күші, дұрыс емес бұранда орнату немесе табиғи апат, т.б. арқылы пайда болған апаттар немесе залал үшін жауапкершілік артпайды.
- Қабырғаға бекітілген жолақ динамигі HDMI IN 3 ұясын пайдалану кезінде бұрышты жоғары жылдамдықты HDMI кабелін пайдаланыңыз.


- 1** Жолақ динамигінің артындағы саңылауларға лайық бұрандаларды (жинақта берілмеген) дайындаңыз.



- 2** Бұрандаларды қабырғадағы екі тиекке бекітіңіз.
Бұрандалар 8-9 мм шығып тұру керек.



- 3** Жолақ динамигін бұрандаларға іліңіз.
Жолақ динамигінің артындағы саңылауларды бұрандаларға сәйкестендіріп, сосын жолақ динамигін екі бұрандаға іліңіз.



Қосымша ақпарат

Сақтық шаралар

Қауіпсіздік техникасы

- Қатты зат немесе сұйықтық құрылғының корпусына түсетін болса, жүйені ажыратып, кейінгі қолданыс алдында білікті қызметкерлерге тексертіңіз.
- Айнымалы ток сымын (электр сымы) сулы қолмен ұстамаңыз. Бұлай әрекеттен ток соғуы мүмкін.
- Жолақ динамигіне және сабвуферге шықпаңыз, себебі құлап, жарақат алуыңыз мүмкін немесе нәтижесінде жүйе зақымдануы мүмкін.

Қуат көздері бойынша

- Жүйені қолданбас бұрын жұмыс кернеуінің жергілікті қуат көзіне сәйкестігін тексеріңіз. Жұмыс кернеуі жолақ динамигінің және сабвуфердің артқы жағындағы тақтада көрсетіледі.
- Жүйені ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, жүйені қабырғадағы розеткадан ажыратып қойыңыз. Айнымалы ток сымын (электр сымы) ажырату үшін ашаны ұстаңыз; ешқашан сымнан тартпаңыз.
- АТ сымын (электр сымы) арнайы қызмет көрсету орталығында ғана ауыстыру керек.

Ішкі жақ қызуы кезінде

Жұмыс барысында жүйе қызса да, бұл ақаулық болып табылмайды. Егер осы жүйені үлкен көлемде тұрақты пайдаланатын болсаңыз, құрылғы корпусының үстіңгі, бүйір және төменгі жақ температурасы айтарлықтай көтеріледі. Күюге жол бермеу үшін құрылғының корпусын ұстамаңыз.

Орналастыру барысында

- Жүйенің алдын ашық қалдырыңыз.
- Жылу бөлетін құрылғы үстіне жүйені қоймаңыз.
- Жүйенің ішкі жағы қызбауы үшін жүйені жақсы желдетілетін жерге қойыңыз.
- Динамик жолағы мен сабвуферді жұмсақ бетке (кілемшелер, көрпелер, т.б.) орналастырмаңыз немесе желдету саңылауларын жауып, ақаулықтарға себеп болатын заттарды жолақ динамигінің және сабвуфердің артқы жағына қоймаңыз.
- Жүйені радиаторлар, желдеткіш арналар сияқты ыстық ауа арналарында немесе басқа тікелей күн сәулесі түсетін, шаңды, механикалық вибрация бар немесе соққы алатын жерге қоймаңыз.
- Жүйені тегіс емес жерге қоймаңыз. Ол тек көлденең жерде жұмыс істеуге арналған.
- Алдыңғы тақтаның алдына металл заттар қоймаңыз. Ол радио толқындарды қабылдауды шектеуі мүмкін.
- Жүйені медициналық жабдық пайдаланылатын жерге орналастырмаңыз. Ол медициналық жабдықтың нашар жұмыс істеуіне себеп болуы мүмкін.
- Егер кардиостимулятор немесе басқа медициналық құрылғы пайдаланылса, сымсыз LAN функциясын пайдаланбастан бұрын дәрігеріңізбен немесе медициналық құрылғы өндірушісімен ақылдасыңыз.
- Жолақ динамигі және сабвуфер арнайы өңделген бетке (балауызбен, маймен немесе жылтыратылған, т.б.) орналастыру кезінде абай болыңыз, себебі беттің боялуына немесе түссізденуіне әкелуі мүмкін.
- Жолақ динамигінің және сабвуфердің бұрыштарынан мүмкін болатын зақымданудан абай болыңыз.
- Егер жүйе TV, VCR немесе таспа декасы тіркесімімен пайдаланылса, шу пайда болып, сурет сапасы нашарлауы мүмкін. Мұндай жағдайда жүйені TV, VCR немесе таспа декасынан алыс орналастырыңыз.

- Осы жүйенің динамиктері магнитті қорғалмаған. Магнитті карталарды немесе CRT түрлі ТД жиынын жүйе жанына орналастырмаңыз.

Жұмыс кезінде

Басқа құрылғыны қоспас бұрын жүйені өшіріп ажыратыңыз.

Дыбыс деңгейін реттегенде

Дыбыс деңгейі өте төмен немесе дыбысы жоқ бөлімдерді тыңдағанда дыбыс деңгейін жоғарылатпаңыз. Егер жоғарылатсаңыз, ең жоғарғы деңгейін бірден ойнатқан кезде динамиктер зақымдалуы мүмкін.

Тазалаған кезде

Корпусты, тақтаны және басқару құралдарын жуғыш құрал ерітіндісімен аздап суланған жұмсақ матамен тазалаңыз. Ысқыштың кез келген түрін, тазалағыш ұнтақ, спирт немесе бензин сияқты ерітіндіні пайдаланбаңыз.

Бөлшектерді ауыстырған кезде

Бұл жүйені жөндеген кезде ауыстырылған бөлшектерді қайта пайдалану немесе кәдеге жарату мақсатымен сақтап қоюға болады.

ТД түсінде

Жүйе әсерінен ТД экранындағы түстердің ретсіздігі орын алса, теледидарды өшіріп, 15-30 минуттан кейін қайта қосыңыз. Егер түстер тұрақсыздығы жойылмаса, жүйені ТД жинағынан алыс қойыңыз.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕ

Сақтық шара: Бұл жүйеде қатырылған бейне кескін немесе экран бетіндегі кескінің ТД-экранында тұру уақыты шексіз. Егер қатырылған бейне кескінді немесе экрандағы кескінді ұзақ уақыт қалдырып қойсаңыз, ТД экранына түзелмейтін зақым тиюі мүмкін. Плазмалық теледидарлар мен проекциялық теледидарлар осындайға бейім келеді.

Егер жүйеңізге қатысты сұрақтарыңыз не қиындықтар болса, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз.

Ақауларды жою

Егер жүйені пайдаланып жатқанда төмендегі қиындықтардың біреуі кездессе, жөндеуді сұрамас бұрын қиындықты шешу үшін осы ақауларды жою нұсқаулығын пайдаланыңыз. Қиындық кетпесе, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз. Сымсыз дыбыс функциясында ақау пайда болған жағдайда, Sony дилеріне жүйені толығымен (жолақ динамигі және сабвуфер) тексертіңіз.

Жалпы

Іске қосылмайды.

→ Айнымалы ток сымының (электр сымы) қауіпсіз түрде қосылғанын тексеріңіз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.

→ Қашықтан басқару құралы мен жолақ динамигі арасындағы қашықтық тым алыс.
→ Қашықтан басқару құралындағы батареялар әлсіз.

Жүйе автоматты түрде өшіріледі.

→ [Auto Standby] жұмыс істейді.
[Auto Standby] параметрін [Off] (27-бет) күйіне орнатыңыз.

Жүйе қалыпты жұмыс істемейді.

→ Айнымалы ток сымын (электр сымы) қабырға розеткасынан суырып, бірнеше минуттан кейін қайта қосыңыз.

Теледидардың қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.

→ Бұл мәселе IR қайталағышы функциясын қосу арқылы шешілуі мүмкін (34-бет).

ТД сенсорлары дұрыс жұмыс істемейді.

→ Жолақ динамигі кейбір сенсорларды (ашықтық сенсорлары сияқты) және ТД қашықтан басқару құралының ресиверін немесе 3D теледидардың 3D көзілдірік жүйесін қолдайтын "3D көзілдіріктер сәулелендіргішін (инфрақызыл тасымалдау)" жабуы мүмкін. Жолақ динамигін теледидардан алшақ бұл бөлшектерге дұрыс жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ауқымға жылжытыңыз. Сенсорлардың және қашықтан басқару ресиверінің орналасуы туралы теледидармен қоса берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Хабарлар

[A new software version is available. Please go to the "Setup" section of the menu and select "Software Update" to perform the update.] жазуы ТД экранында пайда болады.

→ Жүйенің бағдарламалық жасақтамасын нұсқасына дейін жаңарту үшін [Software Update] (23-бет) бөлімін қараңыз.

Алдыңғы тақта дисплейінде "PRTCT", "PUSH" және "POWER" жазулары кезекпен пайда болады.

→ Жүйені өшіру үшін I/⏻ түймесін басыңыз. "STBY" жазуы жоғалғаннан кейін АТ сымын (электр сымы) қабырға розеткасынан ажыратыңыз. Одан кейін жолақ динамигі желдету саңылауларын бөгеттеп тұрған заттардың жоқтығын тексеріңіз. АТ қуат сымын (электр сымы) қайта қосып, жүйені қосыңыз. Егер мәселе жойылмаса, ең жақын Sony дилеріне хабарласыңыз.

Жолақ динамигіндегі түймелерді басқанда алдыңғы тақта дисплейінде "LOCK" жазуы жыпылықтайды.

→ Балалардан қорғау функциясын өшіріңіз (33-бет).

⚠ ешбір хабарсыз толық ТД экранында пайда болады.

→ Ең жақын Sony дилеріне немесе жергілікті өкілетті Sony қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Дыбыс әсері түймелерін басқанда алдыңғы тақта дисплейінде "NOT USE" жазуы шығады (49-бет).

→ Жүйе таратқыш режиміндегі BLUETOOTH ресиверіне қосылған кезде дыбыс әсерлері параметрін өзгерту мүмкін емес.

Кескін

Кескін жоқ немесе кескін дұрыс шықпайды.

→ (8-бет) тиісті кірісін таңдаңыз.
→ Бейненің шығыс ажыратымдығын ең төменгі мәнге дейін ысыру үшін INPUT түймесін басып тұрған кезде VOL +, VOL – және VOL + түймелерін ретімен басыңыз.

HDMI кабелін қосқанда сурет пайда болмайды.

→ Егер HDCP2.2 қолдау көрсететін құрылғы қосылса, құрылғыны HDMI IN 1 ұясына және ТД HDMI OUT (ARC) жүйе ұясына қосылғанын тексеріңіз.
→ Жүйе HDCP (Кең жолақты цифрлық мазмұнды қорғау) сәйкес емес енгізу құрылғысына қосылған. Осындай жағдайда қосылған жабдықтың сипаттамасын тексеріңіз.

HDMI IN 1/2/3 ұясы арқылы келетін 3D мазмұны ТД экранында пайда болмайды.

→ Теледидар немесе бейне құрылғысына байланысты 3D мазмұны көрсетілмеуі мүмкін. Қолдау көрсетілетін HDMI бейне пішімін тексеріңіз (53-бет).

HDMI IN 1/2/3 ұясы арқылы келетін 4K мазмұны ТД экранында пайда болмайды.

→ Теледидар не бейне құрылғысына байланысты 4K мазмұны көрсетілмеуі мүмкін. Бейне мүмкіншілігін, ТД параметрлерін және бейне жабдығын тексеріңіз.
→ Жоғары жылдамдықты HDMI кабелін қолданыңыз.

Жүйе күту режимінде болғанда теледидардан кескін шықпайды.

→ Жүйе күту режиміне енгізілсе, жүйе көрсетілмес бұрын соңғы таңдалған HDMI жабдығынан таңдалған кескін болады. Егер басқа жабдықтан мазмұн қолданылып жатса, жабдықтағы мазмұнды ойнатып, бір рет тұртіп ойнату жұмысын орындаңыз немесе мазмұн қолданылатын HDMI жабдығын таңдау үшін жүйені қосыңыз.
→ [Standby Through] опциясын [On] күйіне [HDMI Settings] ішінде орнатыңыз (27-бет).

Бейнекескін ТД экранында толық көрсетілмейді.

→ [Screen Settings] ішіндегі [TV Type] параметрлерін тексеріңіз (23-бет).
→ Медидадағы қатынас бекітіледі.

ТД экранында түс тұрақсыздығы орын алады.

→ Түс тұрақсыздығы жойылмаса, ТД жинағын өшіріп, 15-30 минуттан кейін қайта қосыңыз.
→ Жүйе жанында магниттік зат (ТД түпқоймасындағы магниттік құлып, медициналық құрылғы, ойыншық, т.б.) тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Дыбыс

Қосылған құрылғы дыбысы жоқ немесе өте төмен деңгейлі дыбысы ғана естіледі.

- \triangleleft + түймесін басып, дыбыс деңгейін тексеріңіз (49-бет).
- Дыбыссыз функциясын болдырмау үшін \otimes немесе \triangleleft + түймесін басыңыз (49-бет).
- Кіріс көзінің дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз. INPUT +/- түймесін бірнеше рет басу арқылы басқа кіріс көздерін көруіңіз керек (8-бет).
- Жүйе мен қосылған құрылғының барлық кабельдері мен сымдарының нақты салынғанын тексеріңіз.

Теледидар дыбысы жүйеден шығады.

- [TV] кірісін таңдау үшін INPUT +/- түймесін қайталап басыңыз.
- HDMI кабелі, оптикалық сандық кабельдің байланысын немесе жүйеге және теледидарға қосылған аудио кабелінің байланысын тексеріңіз (жинақта берілген Іске қосу нұсқаулығының 1-қадамын қараңыз).
- ТД қосып, одан кейін жүйені қосыңыз.
- ТД динамигі параметрін аудио жүйесіне орнатыңыз. ТД параметрлерін ТД пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Теледидардың дыбысын көтеріңіз немесе дыбыссыз функциясын өшіріңіз.
- Audio Return Channel (ARC) функциясымен үйлесімді теледидар HDMI кабеліне жалғанған кезде, кабель теледидардың HDMI кіріс (ARC) терминалына қосылғанына көз жеткізіңіз (қамтамасыз етілген Іске қосу нұсқаулығының 1-қадамын қараңыз).
- Егер ТД Audio Return Channel (ARC) функциясымен үйлесімсіз болса, дыбыс шығару мақсатында HDMI кабеліне қоса оптикалық сандық кабельді қосыңыз (қамтамасыз етілген Іске қосу нұсқаулығының 1-қадамын қараңыз).

Дыбыс жүйеден және теледидардан шығады.

- Жүйенің немесе теледидардың дыбысын өшіріңіз.

Аудио қайтару арнасы функциясын пайдаланғанда, HDMI OUT (ARC) ұясы арқылы қосылған теледидардан дыбыс шықпайды.

- [System Settings] тармағындағы [HDMI Settings] ішіндері [Control for HDMI] тармағын [On] күйіне орнатыңыз (27-бет). Оған қоса, [System Settings] тармағындағы [HDMI Settings] ішіндері [Audio Return Channel] тармағын [Auto] күйіне орнатыңыз (27-бет).
- Теледидарыңыздың аудио қайтару арнасы функциясымен үйлесімді екенін тексеріңіз.
- Теледидарыңыздағы ұяға қосылған HDMI кабелінің аудионы қайтару арнасы функциясымен үйлесімді екенін тексеріңіз.

Жүйе приставкаға қосылған кезде ТД бағдарламаларының дыбысы дұрыс шықпайды.

- [System Settings] тармағындағы [HDMI Settings] ішіндері [Audio Return Channel] тармағын [Off] күйіне орнатыңыз (27-бет).
- Байланыстарды тексеріңіз (қамтамасыз етілген Іске қосу нұсқаулығын қараңыз).

Қатты гуіл немесе шу естіледі.

- Құрылғылардың қауіпсіз түрде қосылғанын тексеріңіз.
- Аудио жабдығын теледидардан алыс жылжытыңыз.
- Тығындар және ұялар ласталған. Оларды спиртпен шамалы суланған матамен сүртіңіз.

Сабвуферден дыбыс естілмейді немесе тек өте төмен деңгейлі дыбыс естіледі.

- SW \triangleleft + түймесін сабвуфер дыбысы деңгейін арттыру үшін басыңыз (49-бет).

- Сабвуфер қосу/күту режимінің индикаторы жасыл түспен жанғанын тексеріңіз. Болмаған жағдайда "Сымсыз дыбыс" ішіндегі "Сабвуферден ешқандай дыбыс естілмейді." бөлімін көріңіз (42-бет).
- Сабвуфер төменгі жиіліктегі дыбысты жаңғыртуға арналған. Өте аз төмен жиіліктегі дыбыс құрамдастарын (мысалы, теледидар хабарын жүргізу) қамтитын кіріс көздері жағдайында сабвуферден шығатын дыбыс нашар естілуі мүмкін.
- Авторлық құқықтарды қорғау технологиясымен (HDCP) үйлесімді мазмұнды ойнатқанда, ол сабвуферден шықпайды.
- Қосу/күту режимінің индикаторы сабвуферде жасыл түспен баяу жанады немесе қызыл түспен жанады.
 - Қосу/күту режимі индикаторы сабвуферде жасыл түспен жанатындай етіп, сабвуферді жолақ динамигінің жанына жылжытыңыз.
 - "Арнайы құрылғылар арасында сымсыз тасымалды белсендіру" (35-бет) ішіндегі қадамдарды орындаңыз.
- Сабвуфердің қосу/күту индикаторы жасыл түсте жылдам жанады.
 - Жергілікті Sony дилеріне хабарласыңыз.
- Сабвуфердің қосу/күту индикаторы қызыл түсте жанады.
 - Қуат көзінен өшіру үшін сабвуфердегі I/⏻ (қосу/күту режимі) түймесін басып, сабвуфердің желдету саңылауларын ешнәрсе бітпейтінін тексеріңіз.

Dolby Digital немесе DTS көп арна дыбысы шықпайды.

- Ойнатылған DVD және т.б. Dolby Digital немесе DTS пішімінде жазылғанын тексеріңіз.
- Жоғары биттік аудио (DTS-HD Master Audio, Dolby TrueHD), DSD және көп арналы бірізді PCM параметрін HDMI байланысымен ғана пайдалануға болады.

Қосылған құрылғы дыбысында кедергі бар.

- [Attenuation settings - Analog] параметрін орнату арқылы қосылған құрылғының кіріс деңгейін азайтыңыз (25-бет).

Сымсыз дыбыс

Сабвуферден ешқандай дыбыс естілмейді.

- Қосу/күту индикаторы сабвуфер экранында жанбайды.
 - Сабвуфердің айнымалы ток сымының (электр сымы) дұрыс қосылғанын тексеріңіз. (Қамтамасыз етілген Іске қосу нұсқаулығындағы 4-қадамды қараңыз)
 - Қуат көзіне қосу үшін сабвуфердегі I/⏻ (қосу/күту режимі) түймесін басыңыз.

Дыбыс жоғалады немесе шу жоқ.

- Егер жақын арада сымсыз LAN немесе электронды пеш сияқты электромагниттік толқындарды тудыратын жабдық қосулы тұрса, жүйені одан алыстатып орналастырыңыз.
- Жолақ динамигі мен сабвуфер арасындағы кедергі болса, оны жылжытыңыз немесе жойыңыз.
- Жолақ динамигі мен сабвуферді мүмкіндігінше жақын орналастырыңыз.
- Жақын маңындағы Wi-Fi маршрутизаторының немесе дербес компьютердің сымсыз LAN жиілігін 2,4 ГГц ауқымына ауыстырыңыз.
- ТД немесе Blu-ray Disc™ ойнатқышы LAN байланысын сымсыз күйден сымды күйге ауыстырыңыз.

Ойнату

Файл атаулары дұрыс көрсетілмейді.

- Жүйе тек ISO 8859-1 стандартына сай таңба пішімдерін көрсете алады. Басқа таңба пішімдері басқаша көрсетілуі мүмкін.
- Жазу бағдарламалық жасақтамасына байланысты енгізілген таңбалар басқаша көрсетілуі мүмкін.

Файл басынан бастап ойнатылмайды.

- Ойнатуды жалғастыру таңдалған. OPTIONS басыңыз және [Play from start] тармағын таңдаңыз, сонан соң ⊕ түймесін басыңыз.

Соңғы рет ойнату тоқтатылған жалғастыру нүктесінен бастап ойнатылмайды.


- Жалғастыру нүктесі жадтан файлға байланысты мына жағдайларда өшіріліп тастауы мүмкін
 - USB құрылғысын ажыратқанда.
 - басқа мазмұнды ойнатқанда.
 - жүйені өшіресіз.

Screen mirroring пайдалану кезіндегі тұрақсыз ойнату.

- Қолданыс ортасына байланысты сымсыз LAN құрылғылары немесе микротолқынды пештер сияқты радио толқындарын шығаратын құрылғылар Screen mirroring функциясына кедергі жасауы мүмкін. Мұндай құрылғылардан жүйені және Screen mirroring үйлесімді құрылғысын алыстатыңыз немесе мұндай құрылғыларды өшіріңіз.
- Қолданыс ортасына байланысты байланыс жылдамдығына қашықтық немесе құрылғылар арасындағы кедергі, құрылғы түрлері, құрылғы конфигурациясы немесе радио толқындар әсер етуі мүмкін. Желі жүктемесіне байланысты байланыс жойылуы мүмкін.

USB құрылғысы

USB құрылғысы анықталмады.

- Төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:
 - ① Жүйені өшіріңіз.
 - ② USB құрылғысын алып қайта қосыңыз.
 - ③ Жүйені қосыңыз.
- USB құрылғысының  (USB) ұясына бекем қосылғанына көз жеткізіңіз.
- USB құрылғысының не кабелінің зақымдалмағанын тексеріңіз.
- USB құрылғысының қосулы екенін тексеріңіз.
- Егер USB құрылғысы USB хабы арқылы қосылса, USB құрылғысын тікелей жолақ динамигінен ажыратып қайта қосыңыз.

"BRAVIA" Sync ([Control for HDMI])

[Control for HDMI] функциясы істемейді ("BRAVIA" Sync).

- HDMI байланысын тексеріңіз (қамтамасыз етілген Іске қосу нұсқаулығындағы 1-қадамды қараңыз).
- [Control for HDMI] тармағының [On] күйіне қойылғанын тексеріңіз (27-бет).
- Егер HDMI байланысы өзгертілсе, жүйені өшіріп, қайтадан қосыңыз.
- Егер қосылмаса, [Control for HDMI] параметріне [Off] мәнін қойыңыз, сосын [Control for HDMI] параметріне [On] мәнін қойыңыз (27-бет).
- Төмендегілерді тексеріп, құрылғымен қамтылған жұмыс істеу нұсқаулықтарын қараңыз.
 - Қосылған құрылғы [Control for HDMI] функциясымен үйлеспейді.
 - [Control for HDMI] функциясына арналған жалғанған құрылғының параметрі дұрыс.
- Айнымалы ток сымы (электр сымы) қосылса/ажыратылса, 15 секундтан аса күте тұрып, жүйені пайдаланыңыз.

- HDMI кабелінен басқа кабельді қолдану арқылы бейне құрылғысының аудио шығысы жүйемен қосылса, "BRAVIA" Sync функциясы себебінен дыбыс шықпауы мүмкін. Мұндай жағдайда [Control for HDMI] параметрін [Off] (27-бет) күйіне орнатыңыз немесе бейне құрылғысының аудио шығыс ұясындағы кабельді тікелей теледидарға қосыңыз.
- "BRAVIA" Sync мүмкіндігі арқылы басқарылатын жабдық түрлері және саны HDMI CEC стандартында келесідей шектелген:
 - Жазу құрылғылары (Blu-ray Disc™ рекордерлері, DVD рекордерлері, т.б.): 3 құрылғыға дейін
 - Ойнату құрылғылары (Blu-ray Disc™ ойнатқыштары, DVD ойнатқыштары, т.б.): 3 құрылғыға дейін (бұл жүйемен қоса)
 - Тюнерге қатысты құрылғылар: 4 құрылғыға дейін
 - Аудио жүйесі (ресивер/құлақсаптар): 1 құрылғыға дейін (осы жүйемен қоса)

Желіге қосылу

Жүйе желіге қосылмайды.

- Желіге қосылуды (16-бет) және желі параметрлерін тексеріңіз (28-бет).

Сымсыз LAN байланысы

[Wi-Fi Protected Setup (WPS)]

орындалғаннан кейін сіз компьютерді интернетке қоса алмайсыз.

- Маршрутизатордың параметрлерін реттеместен бұрын Wi-Fi Protected Setup функциясы пайдаланылса, маршрутизатордың сымсыз параметрлері автоматты түрде өзгеруі мүмкін. Мұндай жағдайда дербес компьютердің сымсыз параметрлерін сәйкесінше өзгертіңіз.

Жүйе желіге қосылмайды немесе желімен байланыс тұрақсыз.

- Сымсыз LAN құрылғысының қосулы екенін тексеріңіз.
- Желіге қосылуды (16-бет) және желі параметрлерін тексеріңіз (28-бет).
- Қабырға материалы, радио толқын қабылдау жағдайлары немесе жүйе мен сымсыз LAN маршрутизаторының арасындағы кедергілер сияқты қоршаған ортаға байланысты байланыс арақашықтығы қысқаруы мүмкін. Жүйе мен сымсыз LAN маршрутизаторын бір-біріне жақындатыңыз.
- Шағын толқын, BLUETOOTH немесе цифрлық сымсыз құрылғы сияқты 2,4 ГГц жиілік ауқымын пайдаланатын құрылғылар байланысты үзуі мүмкін. Мұндай құрылғылардан жүйені алыстатыңыз немесе мұндай құрылғыларды өшіріңіз.
- Сымсыз LAN байланысы пайдалану ортасына байланысты, әсіресе жүйенің BLUETOOTH функциясын пайдаланғанда, тұрақсыз болуы мүмкін. Бұл жағдайда пайдалану ортасын реттеңіз.

Қажетті сымсыз маршрутизатор сымсыз желілер тізіміне шықпайды.

- Алдыңғы экранға оралу үшін BACK түймесін басып, [Wireless Setup(built-in)] қайтадан орындап көріңіз. Қалаған сымсыз маршрутизаторыңыз әлі анықталмаса, желілер тізімінен [New connection registration] тармағын таңдап, желі атын (SSID) қолмен енгізу үшін [Manual registration] тармағын таңдаңыз.

BLUETOOTH құрылғысы

BLUETOOTH байланысын аяқтау мүмкін емес.

- Көк жарық диоды индикаторы жанғанын тексеріңіз (46-бет).
- Қосұлы BLUETOOTH құрылғысының және BLUETOOTH функциясының қосылғанын тексеріңіз.
- BLUETOOTH құрылғысын жолақ динамигiне жақындатыңыз.
- Жүйе мен BLUETOOTH құрылғысын қайтадан жұптастырыңыз. Алдымен BLUETOOTH құрылғыңыз арқылы бұл жүйемен жұптастыруды болдырмауыңыз керек болуы мүмкін.
- [Bluetooth Mode] опциясын [Receiver] не [Transmitter] күйіне орнатыңыз (25-бет).

Жұптастыру мүмкін емес.

- BLUETOOTH құрылғысын жолақ динамигiне жақындатыңыз.
- Егер жолақ динамигiнің айналасында басқа BLUETOOTH құрылғылары болса, жұптастыру мүмкін болмайды. Бұл жағдайда басқа BLUETOOTH құрылғыларын өшіріңіз.
- BLUETOOTH құрылғысынан жүйені жойып, қайта жұптастырыңыз (11-бет).

Байланыстыру мүмкін емес.

- Жұптастыруды тіркеу ақпараты жойылды. Біріктіру жұмысын қайтадан орындаңыз (11-бет).

Дыбыс шықпайды.

- Жолақ динамигiнің BLUETOOTH құрылғысынан тым алыс тұрмағанына немесе жүйеге Wi-Fi желісінен, басқа 2,4 ГГц сымсыз құрылғысынан немесе шағын толқынды пештен кедергі келіп тұмағанына көз жеткізіңіз.
- Жүйе мен BLUETOOTH құрылғысының арасында BLUETOOTH байланысының дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- Жүйе мен BLUETOOTH құрылғысын қайтадан жұптастырыңыз.

- Жолақ динамигiн металл заттар мен беттерден аулақ ұстаңыз.
- [Bluetooth Audio] кірісі таңдалғанын тексеріңіз.
- Алдымен BLUETOOTH құрылғысының дыбыс деңгейін реттеңіз, дыбыс деңгейі әлі тым төмен болса, жолақ динамигiндегі дыбыс деңгейін реттеңіз.

Дыбыс үзік-үзік не тұрақсыз шығады немесе байланыс жоғалады.


- Жолақ динамигi мен BLUETOOTH құрылғысы бір-бірінен тым алыс.
- Егер жолақ динамигi мен BLUETOOTH құрылғысының арасында кедергілер бар болса, оларды алып тастаңыз немесе алшақтатыңыз.
- Егер сымсыз LAN, басқа BLUETOOTH құрылғысы не шағын толқынды пеш сияқты электромагниттік сәулеленуді тудыратын жабдық тұрса, оны алыстатып қойыңыз.

Бөлшектер мен басқару элементтері туралы нұсқаулық

Қосымша ақпаратты дөңгелек жақшалар ішінде көрсетілген беттерден қараңыз.

Жолақ динамигі

Алдыңғы/бүйірлік



1 I/⏻ (қосу/күту режимі)

Жүйені қосады немесе күту режиміне орнатады.

2 INPUT

Пайдаланғыңыз келген құрылғыны таңдаңыз.

3 PAIRING

4 VOL (дыбыс деңгейі) +*/-

* VOL + түймесінің қолға сезілетін нүктесі бар. Жолақ динамигін қолданған кезде қолға сезілетін нүктені белгі ретінде пайдаланыңыз.

5 N (N белгісі) (13-бет)

NFC функциясын белсендіру үшін NFC үйлесімді құрылғыны индикатордың жанына орналастырыңыз.

6 USB (USB) порты (8-бет)

Қақпақты ашу үшін саусақ тырнағыңызды тесікке қойыңыз.

7 Қашықтан басқару құралының датчигі

8 Көк жарық диоды индикаторы


BLUETOOTH күйін келесідей көрсетеді.

BLUETOOTH жұптауы кезінде	Тез жыпықтайды
Жүйе BLUETOOTH құрылғысымен қосылуға әрекет етуде	Жыпылықтайды
Жүйе BLUETOOTH құрылғысымен байланысты орнатты	Жанады


9 Алдыңғы тақта дисплей

Тор кадрын жою

Тор кадрын алдыңғы тақтамен қатар алыңыз немесе тіркеңіз.




Артқы тақта



- 1 HDMI OUT* (ARC) ұясы
- 2 TV (DIGITAL IN) ұясы
- 3 HDMI IN 1*/2 ұялары
- 4 ANALOG IN ұясы
- 5 LAN (100) терминалы
- 6 HDMI IN 3 ұясы
- 7 Айнымалы ток сымы (электр сымы)

* HDMI IN 1 және HDMI OUT ұяларында HDCP 2.2 протоколына қолдау көрсетіледі. HDCP 2.2 - 4K бейнелері сияқты мазмұнды қорғауға пайдаланылатын жаңа кеңейтілген авторлық құқықты қорғау технологиясы.

Сабвуфер



1 Қосу/күту режимі индикаторы

- Қызыл: Қуат өшірулі.
- Жасыл: Қуат қосұлы.
- Сарғыш: SECURE LINK байланысы анықталды.

2 I/⏻ (қосу/күту режимі)


3 SECURE LINK (35-бет)

4 Айнымалы ток сымы (электр сымы)

Күту режимі туралы ақпарат

Сабвуфер күту режиміне автоматты түрде өтеді және жолақ динамигі күту режимінде болған кезде немесе сымсыз тасымалдау тоқтатылған кезде қосу/күту индикаторы қызыл түсте жанады. Жолақ динамигі қосылғанда және сымсыз тасымал іске қосылғанда, сабвуфер де автоматты түрде қосылады.

Қашықтан басқару құралы



AUDIO, ► және ◀ + түймелерінің қолға сезілетін нүктелері бар. Қашықтан басқару құралын қолданған кезде қолға сезілетін нүктені белгі ретінде пайдаланыңыз.

1 I/O (қосу/күту режимі)

Жүйені қосады немесе күту режиміне орнатады.

INPUT +/- (8-бет)

Пайдаланғыңыз келген құрылғыны таңдаңыз.

2 Дыбыс әсерінің түймелері

"Дыбыс әсерлерін қолдану" (9-бет) бетін қараңыз.

CLEARAUDIO+, SOUND FIELD, VOICE, NIGHT

DISPLAY

Ойнату туралы ақпаратты ТД экранынан көрсетеді.

DIMMER (33-бет)

Алдыңғы тақта дисплейі мен көк жарық диоды индикаторы ашықтығын реттейді.

3 Түрлі түсті түймелер

Кейбір мәзірлерде элементтерді таңдауға арналған пернелер тіркесімдері.

4 MIRRORING (20-бет)

[Screen mirroring] кірісін таңдаңыз.

PAIRING (11, 15 беттері)

Жүйені жұптастыру режиміне орнатады. [Bluetooth Mode] опциясы [Receiver] (25-бет) күйіне орнатылған кезде осы түйме ғана жұмыс істейді.

BACK

Алдыңғы дисплейге қайтады.

OPTIONS (12, 15, 29, 30 беттері)

Теледидар экранында немесе алдыңғы дисплей тақтасында Опциялар мәзірін көрсетеді. (Орнату әдісі таңдалған функцияға байланысты ерекшеленеді.)

HOME (8, 10, 16, 19, 22 беттері)

Жүйенің басты экранына кіреді немесе шығады.

◀/▲/▼/▶

Көрсетілген тармаққа бөлектеуді жылжытады.

⊕ (енгізу)

Таңдалған тармақты енгізеді.

5 SW ◀ (сабвуфердің

дыбыс деңгейі) +/-

Төменгі жиіліктегі дыбыстың деңгейін реттеңіз.

⊗ (дыбысты өшіру)

Дыбысты уақытша өшіреді.

◀ (дыбыс деңгейі) +/-

Дыбыс деңгейін реттейді.

6 Ойнату операциясы түймелері

"Тыңдау/көру" (8-бет) бетін қараңыз.

◀◀/▶▶ (артқа/жылдам алға)

Артқа немесе алға іздейді.

⏪/▶ (алдыңғы/келесі)

Алдыңғы/келесі тректі немесе файлды таңдайды.

▶ (ойнату)

Ойнатуды тоқтата тұрады немесе қайта қосады (ойнатуды жалғастыру).

⏏ (тоқтата тұру)

Ойнатуды тоқтата тұрады немесе қайта қосады.

■ (тоқтату)

Ойнатуды тоқтатаңыз.

AUDIO (33-бет)

Аудио пішімін таңдайды.

RX/TX

[Bluetooth Mode] опциясын [Receiver] немесе [Transmitter] (25-бет) күйіне ауыстырады.

Ойнатылатын файл түрлері

Music

Кодек	Кеңейтімі
MP3 (MPEG-1 Audio Layer III) ^{*4}	.mp3
AAC/HE-AAC ^{*1*4}	.m4a, .aac ^{*2}
WMA9 Standard ^{*1}	.wma
WMA 10 Pro ^{*2}	.wma
LPCM ^{*4}	.wav
FLAC ^{*1}	.flac, .fla
Dolby Digital ^{*2*4}	.ac3
DSF ^{*1}	.dsf
DSDIFF ^{*1*5}	.dff
AIFF ^{*1}	.aiff, .aif
ALAC ^{*1}	.m4a
Vorbis ^{*2}	.ogg
Monkey's Audio ^{*2}	.ape

Photo

Пішімі	Кеңейтімі
JPEG	.jpeg, .jpg, .jpe
PNG	.png ^{*3}
GIF	.gif ^{*3}

^{*1} Жүйе бұл файл пішімін Home Network серверінде ойната алмауы мүмкін.

^{*2} Жүйе бұл файл пішімін Home Network серверінде ойнатпауы мүмкін.

^{*3} Жүйе анимациялық PNG немесе анимациялық GIF файлдарын ойнатпайды.

^{*4} Жүйеде ".mka" файлдары ойнатылады. Бұл файлды Home Network серверінде ойнату мүмкін емес.

^{*5} Жүйеде DST арқылы кодталған файлдар ойнатылмайды.

Ескертпе

- Кейбір файлдар файл пішіміне, файл кодтарына, жазу жағдайына немесе Home Network серверінің жағдайына байланысты ойнатылмауы мүмкін.
- Дербес компьютерде өзгертілген кейбір файлдар ойнатылмауы мүмкін.
- Кейбір файлдар жылдам алға немесе жылдам артқа өткізу функциясын орындай алмауы мүмкін.
- Жүйеде 3D фотосурет файлдары ойнатылмайды.
- Жүйе DRM және Lossless сияқты кодталған файлдарды ойнатпайды.
- Жүйе USB құрылғыларындағы келесі файлдарды не қалталарды анықтайды:
 - 9-қабаттағы қалталарға дейін (оның ішінде қалтаға дейін)
 - бір қабаттағы 500 файлға/қалтаға дейін
- Жүйе Home Network серверіне сақталған мына файлдарды немесе қалталарды тани алады:
 - 19-қабаттағы қалталарға дейін
 - бір қабаттағы 999 файлға/қалтаға дейін
- Кейбір USB құрылғылары бұл жүйеде істемеуі мүмкін.
- Жүйе Mass Storage Class (MSC) құрылғыларын (мысалы, флэш жады немесе HDD), Still Image Capture Device (SICD) құрылғыларын және 101 пернелі пернетақтасын тани алады.

Қолдау көрсетілетін аудио пішімдері

Жүйе төмендегі аудио пішімдеріне қолдау көрсетеді.

Пішімі	Input	
	[HDMI1] [HDMI2] [HDMI3]	[TV] (DIGITAL IN)
LPCM 2ch	○	○
LPCM 5.1ch	○	–
LPCM 7.1ch	○	–
Dolby Digital	○	○
Dolby TrueHD, Dolby Digital Plus	○	–
DTS	○	○
DTS-ES Discrete 6.1, DTS-ES Matrix 6.1	○*	○*
DTS96/24	○*	○*
DTS-HD High Resolution Audio	○	–
DTS-HD Master Audio	○	–
DTS-HD Low Bit Rate	○	–
DSD	○	–

○: Қолдау көрсетілетін пішім.

–: Қолдау көрсетілмейтін пішім.

* DTS негізі ретінде кодталған.

Сипаттамалар

Жолақ динамигі (SA-NT3)

Күшейткіш бөлімі

POWER OUTPUT (бағаланған)

Алдыңғы сол жақ + Алдыңғы оң жақ:

60 Вт + 60 Вт (4 Ом, 1 кГц, 1% THD болғанда)

POWER OUTPUT (сілтеме)

Алдыңғы сол жақ/Алдыңғы оң жақ:

133 Вт (4 Ом, 1 кГц болғанда бір арнаға)

Кірістер

HDMI IN 1*/2/3

TV (DIGITAL IN)

ANALOG IN

Шығыс

HDMI OUT* (ARC)

* HDMI IN 1 және HDMI OUT ұяларында

HDCP 2.2 протоколына қолдау көрсетіледі.

HDCP 2.2 - 4К бейнелері сияқты мазмұнды

қорғауға пайдаланылатын жаңа кеңейтілген

авторлық құқықты қорғау технологиясы.

HDMI бөлімі

Жалғаушы

A түрі (19 істікті)

USB бөлімі

ψ (USB) порты:

A үлгісі (USB жадын, жад картасын

оқу құралын, сандық фотокамераны

жалғауға арналған)

LAN бөлімі

LAN (100) терминалы

100BASE-TX терминалы

Сымсыз LAN бөлімі

Стандарттарына сәйкестілік

IEEE 802.11 a/b/g/n

Жиілік ауқымы

2,4 ГГц, 5 ГГц

BLUETOOTH бөлімі

Байланыс жүйесі

BLUETOOTH сипаттамасына сай 3.0 нұсқасы

Шығыс

BLUETOOTH сипаттамалық қуат класы 1

Ең төмен байланыс ауқымы

Көру жолы шамамен 30 м¹⁾

Жиілік ауқымы

2,4 ГГц

Модуляция әдісі

FHSS (жұмыс жиілігін кездейсоқ реттеу)

Қолдау көрсетілетін BLUETOOTH

профильдері²⁾

A2DP 1.2 (Жетілдірілген аудио

тарату профилі)

AVRCP 1.5 (Аудио бейнені

қашықтан басқару профилі)

Қолдаулы кодектер³⁾

SBC⁴⁾, AAC, LDAC

Тасымалдау ауқымы (A2DP)

20 Гц – 20000 Гц (Жіберу жиілігі 44,1 кГц,

48 кГц, 88,2 кГц, 96 кГц)

- 1) Нақты ауқым құрылғылар арасындағы кедергілер, шағын толқынды пеш айналасындағы магниттік өрістер, статикалық электр жүйесі, сымсыз телефон, қабылдау сезімталдығы, антеннаның жұмыс істеуі, жұмыс істеу жүйесі, бағдарламалық құрал қолдану, сияқты т.б. факторларға тәуелді болады.
- 2) BLUETOOTH стандартты профильдері құрылғылар арасындағы BLUETOOTH байланысының мақсатын анықтайды.
- 3) Кодек: Аудио сигналын сығу және түрлендіру пішімі
- 4) Диапазон асты кодегі

Алдыңғы сол жақ/алдыңғы оң жақ динамик бөлімі

Динамик жүйесі

2 жолдық динамик жүйесі, акустикалық тоқтату

Динамик

Вуфер: 65 мм конус түрі, магниттік сұйықтық динамигі ×2
Жоғары жиіліктегі динамик: 18 мм күмбез түрі ×2

Жалпы

Электр желісіне қойылатын талаптар

Тек Тайвань үлгілері:

120 В айнымалы ток, 60 Гц

Басқа үлгілер:

220 В – 240 В айнымалы ток, 50/60 Гц

Қуат шығыны

Қосұлы: 55 Вт

Қуту режимі:

0,3 Вт (Параметр туралы ақпарат үшін 34-бет қараңыз.)

5,5 Вт ([Remote Start], [Quick Start

Mode] және [Control for HDMI]

опциялары [On] күйіне және TД

қосылмаған кезде [Standby Through]

опциясы [Auto] күйіне орнатылады.)

Өлшемдері (е/б/д) (шамамен)

1,070 мм × 86 мм × 65 мм шығыңқы

бөліктерін қосқанда

Салмағы (шамамен)

3,1 кг

Сабвуфер (SA-WNT3)

POWER OUTPUT (сілтеме)

134 Вт (әр арна үшін 4 Ом, 80 Гц)

Динамик жүйесі

Сабвуфер жүйесі

Төменгі жиілік рефлексі

Динамик

160 мм конус түрі

Электр желісіне қойылатын талаптар

Тек Тайвань үлгілері:

120 В айнымалы ток, 60 Гц

Басқа үлгілер:

220 В – 240 В айнымалы ток, 50/60 Гц

Қуат шығыны

Қосұлы: 20 Вт

Қуту режимі: 0,5Вт немесе одан аз

Өлшемдері (е/б/д) (шамамен)

190 мм × 382 мм × 385 мм

Салмағы (шамамен)

8 кг

Сымсыз тасымалдаушы/ресивер бөлімі

Байланыс жүйесі

Сымсыз дыбыстың сипаттама нұсқасы 3.0

Жиілік ауқымы

Еуропа, Океания, Африка*, Таяу Шығыс*

және Тайланд үлгілері ғана: 5,2 ГГц, 5,8 ГГц

Тек Сингапур және Тайвань үлгілері: 5,8 ГГц

Тек Қытай және Ресей үлгілері: 5,2 ГГц

* 5,2 ГГц немесе 5,8 ГГц кейбір

аймақтарда/елдерде болмауы мүмкін.

Модуляция әдісі

DSSS

Жүйе арқылы қолдау көрсетілетін бейне пішімдер

Кіріс/шығыс (HDMI қайталағыш блогы)

Пішімі	2D	3D		Төбесінен астына (Жоғары және төмен)
		Жақтауды қаптау	Іргесі тиіп тұру (жартылай)	
4096 × 2160p @ 59,94/60 Гц ^{*1}	○	-	-	-
4096 × 2160p @ 50 Гц ^{*1}	○	-	-	-
4096 × 2160p @ 23,98/24 Гц ^{*2}	○	-	-	-
3840 × 2160p @ 59,94/60 Гц ^{*1}	○	-	-	-
3840 × 2160p @ 50 Гц ^{*1}	○	-	-	-
3840 × 2160p @ 29,97/30 Гц ^{*2}	○	-	-	-
3840 × 2160p @ 25 Гц ^{*2}	○	-	-	-
3840 × 2160p @ 23,98/24 Гц ^{*2}	○	-	-	-
1920 × 1080p @ 59,94/60 Гц	○	-	○	○
1920 × 1080p @ 50 Гц	○	-	○	○
1920 × 1080p @ 29,97/30 Гц	○	○	○	○
1920 × 1080p @ 25 Гц	○	○	○	○
1920 × 1080p @ 23,98/24 Гц	○	○	○	○
1920 × 1080i @ 59,94/60 Гц	○	○	○	○
1920 × 1080i @ 50 Гц	○	○	○	○
1280 × 720p @ 59,94/60 Гц	○	○	○	○
1280 × 720p @ 50 Гц	○	○	○	○
1280 × 720p @ 29,97/30 Гц	○	○	○	○
1280 × 720p @ 23,98/24 Гц	○	○	○	○
720 × 480p @ 59,94/60 Гц	○	-	-	-
720 × 576p @ 50 Гц	○	-	-	-
640 × 480p @ 59,94/60 Гц	○	-	-	-

*1 YCbCr 4:2:0/8 биттік пішімін ғана қолдайды

*2 8 биттік пішімін ғана қолдайды

Дизайн мен сипаттамалар ескертусіз өзгертіледі.

BLUETOOTH байланысы туралы ақпарат

Қолданылатын BLUETOOTH нұсқасы және профилдері

Профиль - BLUETOOTH өнімінің әр түрлі функцияларына арналған мүмкіндіктер жиынтығы. Осы жүйемен қолдау көрсетілетін BLUETOOTH профилдері мен нұсқасы үшін "Сипаттамалар" (51-бет) ішіндегі "BLUETOOTH бөлімінен" көріңіз.

Тиімді байланыс ауқымы

BLUETOOTH құрылғыларының қашықтығы шамамен 10 метр (бөгетсіз қашықтық) болуы тиіс. Тиімді байланыс ауқымы келесі жағдайларда кішіреуі мүмкін:

- BLUETOOTH байланысы орнатылған құрылғылар арасында адам, металл зат, қабырға немесе басқа кедергі тұрғанда;
- Сымсыз LAN орнатылған жерлерде
- Қолданыстағы шағын толқынды пештер бар жерлерде
- Басқа электромагниттік толқындар жасалатын орындар

Басқа құрылғылардың әсерлері

BLUETOOTH құрылғылары және сымсыз LAN (IEEE 802.11b/g) бірдей жиілік ауқымын (2,4 ГГц) пайдаланады. BLUETOOTH құрылғысын сымсыз LAN мүмкіндігі бар құрылғының жанында пайдаланғанда, электромагниттік кедергі түзілуі мүмкін. Бұл дерек тасымалдау ауқымының азаюын, шуды немесе байланысу қабілетсіздігін тудыруы мүмкін. Егер бұл орын алса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Осы жүйені сымсыз LAN құрылғысынан кемінде 10 метр ары ұстаңыз.
- BLUETOOTH құрылғысы 10 метр қашықтықта қолданылса, сымсыз LAN құрылғысын өшіріңіз.
- Осы жүйе мен BLUETOOTH құрылғысын бір-біріне мүмкіндігінше жақын етіп орналастырыңыз.

Басқа құрылғылардағы әсерлер

Осы жүйе шығаратын радио толқындары кейбір медициналық құрылғылардың жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Мұндай кедергі бұрыс жұмысқа себеп болатындықтан, осы жүйе мен BLUETOOTH құрылғысын мына жерлерде әрдайым өшіріп қойыңыз:

- Өртке қауіпті газдар болатын ауруханаларда, пойыздарда, әуежайларда, бензин құйып беретін станцияларда және кез келген орында.
- Автоматты есіктер немесе өрт дабылдарының қасында.

Ескертпе

- Осы жүйе BLUETOOTH технологиясын пайдаланылатын байланыс құру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін BLUETOOTH сипаттамасына сәйкес қауіпсіздік функцияларына қолдау көрсетеді. Бірақ параметр мазмұнына және басқа факторларға байланысты бұл қауіпсіздік шамасы жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан BLUETOOTH технологиясы арқылы байланыс орнатқанда сақ болыңыз.
- BLUETOOTH технологиясы арқылы орнатылған байланыс кезінде ақпараттың ашылуынан болған зақымдар мен басқа шығындар үшін Sony ешбір жағдайда жауапты емес.
- BLUETOOTH байланысына осы жүйемен бірдей профайлы бар барлық BLUETOOTH құрылғыларымен қажетті түрде кепілдік берілмейді.
- Осы жүйемен қосылған BLUETOOTH құрылғылары Bluetooth SIG, Inc. тарапынан берілген BLUETOOTH техникалық сипаттамасымен сай келуі және сай келуге куәландырылуы тиіс. Дегенмен құрылғы BLUETOOTH сипаттамасына сай болғанның өзінде BLUETOOTH құрылғысының сипаттамасы байланысуға кедергі келтіретін, басқару әдістері, көрсетілуі немесе жұмысы өзгеше болатын жағдайлар кездеседі.
- Осы жүйеге қосылған BLUETOOTH құрылғысына, байланысу ортасына немесе орта жағдайларына байланысты шу шығуы немесе дыбыс өшіп қалуы мүмкін.

Индекс

Сандар

24p Output 24
4K Output 24

A

A/V SYNC 30
Attenuation settings - Analog 25
Audio DRC 25
Audio Output 25
Audio Return Channel 27
Audio Settings 24
Auto Display 27
Auto Renderer Access Permission 28
Auto Standby 27

B

BLUETOOTH 11
Bluetooth Codec - AAC 26
Bluetooth Codec - LDAC 26
Bluetooth Mode 25
Bluetooth Settings 25
Bluetooth Standby 25
BRAVIA Sync 31

C

Connection Server Settings 28
Control for HDMI 27, 31

D

Device List 25
Device Name 28
Dimmer 33
DSEE HX 10, 24

E

Easy Network Settings 29
Easy Setup 29
External Control 29

H

HDMI
YCbCr/RGB (HDMI) 24
HDMI Deep Colour Output 24
HDMI1 Audio Input Mode 27
Home Network 18, 28

I

Initialise Personal Information 29
Input Skip Setting 29
Internet Settings 28
IR-Repeater 27, 34

N

Network Connection Diagnostics 28
Network Settings 28
NFC 12, 20

O

OSD Language 27
Output Video Resolution 23

Q

Quick Start Mode 27

R

Remote Start 29
Renderer Access Control 29
Reset to Factory Default Settings 29
Resetting 29
RF Band 35

S

- SBM 24
- Screen mirroring 20
- Screen mirroring RF Setting 28
- Screen Settings 23
- Secure Link 35
- Slideshow 30
- Software License Information 28
- Software Update 23
- SongPal 15
- Standby Through 27
- System Information 28
- System Settings 27

T

- TV Type 23

U

- USB 8

V

- Video Direct 24

W

- Wireless Playback Quality 26
- Wireless Sound Connection 27, 34

A

- Алдыңғы тақта 46
- Анық дауыс 10
- Артқы тақта 47

Б

- Балалардан қорғау 33

Қ

- Қашықтан басқару құралы 49

M

- Мультитплекс хабарлау дыбысы 33

T

- Түнгі режим 10

СОҒЫ ПАЙДАЛАНУШЫ ЛИЦЕНЗИЯСЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

МАҢЫЗДЫ:

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА ОСЫ СОҒЫ ПАЙДАЛАНУШЫ ЛИЦЕНЗИЯСЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ ("EULA") МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ. SOFTWARE БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОСЫ EULA ШАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАЙСЫЗ. ОСЫ EULA ШАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАМАСАҢЫЗ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ПАЙДАЛАНА АЛМАЙСЫЗ.

Осы EULA - сіз және Sony Corporation ("SONY") корпорациясының арасында жасалған заңды келісім. Осы EULA келісімі SONY корпорациясының SONY бағдарламалық жасақтамасы және/немесе үшінші тарап лицензия берушілерінің (соның ішінде SONY корпорациясының бөлімшелері) және олардың бөлімшелерінің (жалпы атауы: "ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ") құқықтары мен міндеттемелерін SONY қамтамасыз ететін кез келген жаңартулармен бірге сол бағдарламаға (жалпы атауы "БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА") қатысты кез келген басылып шыққан, онлайн немесе басқа электрондық құжаттаманы, сол бағдарламамен жасалған кез келген дерек файлдарын реттейді.

Жоғарыда айтылғанға қарамастан, жеке соңғы пайдаланушы лицензиясы туралы келісімі (соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді, GNU General Public лицензиясы мен Lesser/Library General Public лицензиясы) бар SOFTWARE лицензиясында көрсетілген кез келген бағдарлама мұндай жеке соңғы пайдаланушы лицензиясы туралы келісімі ("ҚОСЫЛМАҒАН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА") талап ететін осы EULA келісімінің шарттарының орнына қолданылатын соңғы пайдаланушы лицензиясы туралы келісіммен қамтылады.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ЛИЦЕНЗИЯСЫ

SOFTWARE бағдарламасына лицензия беріледі, сатылмайды. SOFTWARE авторлық құқықтар заңдарымен және халықаралық келісімдермен, сондай-ақ басқа интеллектуалдық меншік заңдарымен және келісімдерімен қорғалған.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА қатысты барлық құқықтар мен атаулар (соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді, SOFTWARE біріктірілген кез келген кескіндер, фотосуреттер, анимация, бейне, аудио, музыка, мәтін) SONY корпорациясының немесе бір не бірнеше ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ меншігіне жатады.

ЛИЦЕНЗИЯ БЕРУ

SONY сізге БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ үйлесімді құрылғымен ("ҚҰРЫЛҒЫ") тек жеке әрі коммерциялық емес мақсатта қолдану үшін мерзімсіз лицензияны табыстайды. SONY мен ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА қатысты осы EULA келісімі сізге бермейтін барлық құқықтар мен меншік құқықтарын (соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді, барлық интеллектуалдық меншік құқықтарын) өзінде қалдырады.

ТАЛАПТАР МЕН ШЕУТЕУЛЕР

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ толығымен не жартылай көшіруге, жариялауға, бейімдеуге, қайта таратуға, бастапқы коды шығаруға әрекет жасауға, өзгертуге, технологиясын ашуға, қайта жинауға не бөлшектеуге, не болмаса БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА арқылы туынды жұмыстар әдейі жеңілдетілгенше оның кез келген туынды жұмыстарын жасауға болмайды. SOFTWARE лицензиясының кез келген сандық құқықтарды басқару мүмкіндігімен өзгертуге немесе бүлдіруге болмайды. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ кез келген функцияларын не қорғаныс жүйелерін, не болмаса оған жылдам байланыстырылған кез келген механизмдерді айналып өте, өзгерте, жоққа шығара алмайсыз. SONY корпорациясының рұқсатынсыз бірнеше ҚҰРЫЛҒЫДА қолдану мақсатында БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ жеке құрамдастарын бөлшектей алмайсыз. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ ешбір сауда белгілерін немесе ескертулерін алып тастай, өзгерте, үстінен жабыстыра немесе бүлдіре алмайсыз. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ бөлісе, тарата, жалға бере не ала, қосымша лицензия бере, тағайындай, тасымалдай немесе сата алмайсыз. Бағдарламалық жасақтама, желілік қызметтер немесе жұмыс өнімділігіне әсер ететін БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАДАН өзге өнімдер

жабдықтаушылардың (бағдарламалық жасақтама жабдықтаушылары, қызмет көрсетушілер немесе SONY) қарауынша өшірілуі немесе ажыратылуы керек. SONY және басқа жабдықтаушылар БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ, желілік қызметтердің, мазмұнның немесе басқа өнімдердің ұзақ уақыт қолжетімді болатынына немесе үзіліссіз немесе өзгеріссіз жұмыс істейтініне кепілдік бермейді.

SOFTWARE ЛИЦЕНЗИЯСЫН АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛҒАН МАТЕРИАЛДАРМЕН БІРГЕ ҚОЛДАНУ

Өзіңіз және/немесе үшінші тарап жасаған мазмұнды көру, сақтау, өңдеу және/немесе қолдану үшін БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ пайдалану мүмкіндігі қарастырылуы мүмкін. Мұндай мазмұн авторлық құқықтар, басқа интеллектуалдық меншік заңдарымен және/немесе келісімдерімен қорғалуы мүмкін. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ сондай мазмұнға қатысты қолданылатын тек сондай заңдар мен келісімдерге сәйкес пайдалануға келіссіз. SONY корпорациясының БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА арқылы сақталған, өңделген не қолданылған мазмұнның авторлық құқықтарын қорғау мақсатында тиісті шаралар қолдану ықтималдығын растайсыз әрі онымен келіссіз. Мұндай шараларға БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ нақты мүмкіндіктері арқылы БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ заңсыз қолдану жағдайында сақтық көшірмелер жасау және қалпына келтіру, деректерді қалпына келтіруді іске қосу сұрауын қабылдаудан бас тарту, осы EULA келісімін бұзу жиілігін есептеу жатады, бірақ онымен шектелмейді.

МАЗМҰНДЫҚ ҚЫЗМЕТ

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ БІР НЕ БІРНеше мазмұн қызметтері ("МАЗМҰН ҚЫЗМЕТІ") АРҚЫЛЫ АЛЫНАТЫН МАЗМҰНМЕН ҚОЛДАНУ ҮШІН ӘЗІРЛЕНУ МҮМКІНДІГІН ДЕ ЕСКЕРІҢІЗ. ҚЫЗМЕТТІ ЖӘНЕ СОНДАЙ МАЗМҰНДЫ ҚОЛДАНУ СОНДАЙ МАЗМҰН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕДІ. Осы EULA ШАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАМАСЫЗ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ПАЙДАЛАНА АЛМАЙСЫЗ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА арқылы алынған нақты мазмұн мен қызметтердің SONY қадағаламайтын үшінші талаптармен қамтамасыз етілуін растайсыз әрі келіссіз. МАЗМҰН ҚЫЗМЕТТЕРІН ҚОЛДАНУ ҮШІН ИНТЕРНЕТ ҚОСЫЛЫМЫ ҚАЖЕТ. МАЗМҰН ҚЫЗМЕТІ КЕЗ КЕЛГЕН УАҚЫТТА ҮЗІЛУІ МҮМКІН.

ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСЫЛУ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІ

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ нақты мүмкіндіктеріне кіру үшін өзіңіз жауап беретін Интернет қосылымы қажет екенін растайсыз әрі келіссіз. Сонымен бірге Интернет қосылымына, соның ішінде, бірақ онымен шектелмеген, Интернет бойынша қызмет провайдеріне немесе эфирлік уақытқа, қатысты үшінші тарап төлемдеріне өзіңіз жауап бересіз. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА жұмысы мүмкіндіктеріне, Интернет қосылымы мен қызметінің өткізу мүмкіндігіне немесе техникалық шегіне байланысты шектеулі болуы мүмкін. Сондай Интернет қосылымының қамтамасыз етілуі, сапасы және қауіпсіздігі сондай қызметті көрсетуші үшінші тараптың жеке жауапкершілігіне жатады.

ЭКСПОРТ ЖӘНЕ БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

Өзіңіз тұратын аймақтың не елдің барлық экспорттау және қайта экспорттау бойынша шектеулер мен ережелерді орындайтыныңызға, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ тыйым салынған елге немесе байланыс мұндай шектеулер мен ережелерді бұзған жағдайларда тасымалдамауға немесе тасымалдауға рұқсат етпеуге келіссіз.

ЖОҒАРЫ ТӘУЕКЕЛДІ ӘРЕКЕТТЕР

SOFTWARE қатерге төзімді емес және ақаулығы өлімге, жеке жарақатқа, ауыр физикалық немесе орта зақмына ("ТӘУЕКЕЛІ ЖОҒАРЫ ӘРЕКЕТТЕР") әкелетін ядролық операция құрылғылары, ұшақ навигациясы немесе байланыс жүйелері, әуе жолын басқару, тікелей тіршілікті қамтамасыз ету машиналары немесе қарулар жүйелері сияқты төзімді жұмысын талап ететін қауіпті орталардағы жедел басқару сияқты пайдалануға немесе қайта сатуға шығарылмаған және пайдалануға арналмаған. SONY, әр ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫСЫ және олардың бөлімшелері ТӘУЕКЕЛІ ЖОҒАРЫ ӘРЕКЕТТЕР үшін қосымша немесе міндетті кепілдігінен, міндеттемесінен немесе шартынан бас тартады.

SOFTWARE КЕПІЛДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙ

SOFTWARE қолданысына өзіңіз жауап беріп, жеке тәуекелмен пайдаланатыныңызды растайсыз және келісесіз. SOFTWARE кепілдіксіз, міндеттемесін не шартсыз "СОЛ КҮЙІНДЕ" беріледі. SONY ЖӘНЕ ӘР ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫСЫ (осы бөлімнің мақсаттарына сай SONY мен әр ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ бірге "SONY" ДЕП АТалады), БАРЛЫҚ АНЫҚ НЕМЕСЕ ҰЙҒАРЫНДЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН, МІНДЕТТЕРДЕН НЕ ШАРТТАРДАН БАС ТАРТАДЫ, БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТ ҮШІН ТАУАР КҮЙІ, БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАМДЫЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙДІ. SONY (А) БАҒДАРЛАМАНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ ТАЛАПТАРЫҢЫЗҒА САЙ КЕЛЕДІ НЕ ЖАҒАРТЫЛАДЫ, (В) БАҒДАРЛАМА ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ, ҚАТЕЛЕРІ БОЛМАЙДЫ НЕ АҚАУЛАРЫ ТҮЗЕТІЛЕДІ, (С) БАҒДАРЛАМА БАСҚА БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ, ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ НЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЗАҚЫМДАМАЙДЫ, (D) ЖҰМЫСЫ НЕГІЗДЕЛЕТІН БАҒДАРЛАМА, ЖЕЛІЛІК ҚЫЗМЕТТЕР (СОНЫҢ ІШІНДЕ ИНТЕРНЕТ) НЕ ӨНІМДЕР (БАҒДАРЛАМАДАН БАСҚА) ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ, ҮЗІЛМЕЙДІ НЕ ӨЗГЕРМЕЙДІ, ЖӘНЕ (Е) ДҰРЫСТЫҚ, ДӘЛДІК, СЕНИМДІЛІК ЖӘНЕ Т.С.С. ТҰРҒЫДА ҚОЛДАНЫСҚА НЕМЕСЕ БАҒДАРЛАМАНЫ ҚОЛДАНУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ, ШАРТТАР НЕ КӨРСЕТІЛІМДЕР ЖАСАМАЙДЫ.

SONY НЕМЕСЕ SONY УӘКІЛЕТТІ ӨКІЛІ БЕРГЕН АУЫЗША НЕМЕСЕ ЖАЗБАША АҚПАРАТЫ НЕ КЕҢЕСІ КЕПІЛДІК, МІНДЕТТЕМЕ НЕМЕСЕ ШАРТ ЖАСАМАЙДЫ НЕМЕСЕ ОСЫ КЕПІЛДІК АУҚЫМЫН КЕҢЕЙТпейді. БАҒДАРЛАМА ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕМЕГЕН ЖАҒДАЙДА БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, ЖӨНДЕУ НЕМЕСЕ ТҮЗЕТУ ШЫҒЫНДАРЫН ӨЗІҢІЗ ТӨЛЕЙСІЗ. КЕЙБІР ҚҰЗЫРЕТТЕР ҰЙҒАРЫНДЫ КЕПІЛДІКТЕР ЕРЕКШЕЛІГІНІ МҮМКІНДІК БЕРМЕЙДІ, БҰНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖОҒАРЫДАҒЫ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР СІЗГЕ ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕКТЕУІ

SONY ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ (осы бөлімнің мақсаттарына сай SONY және әр ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ бірге "SONY" деп аталады) ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ҚОР НЕМЕСЕ ҚАТЫСУШЫЛАР, ТІПТІ, АЙТЫЛҒАНЫМЕН ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ПАЙДАЛАНУДАН ШЫҒАТЫН КЕЛІСІМШАРТТАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТЕОРИЯСЫ, ҚАТАЛ ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕМЕСЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАН БОЛАТЫН ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, ОҚЫС, АРНАЙЫ НЕМЕСЕ АЙЫПТЫҚ ЗАҚЫМДАР (АУЫСТЫРЫЛАТЫН ТАУАРЛАР НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ; ПАЙДАЛАНУ, ДЕРЕКТЕР НЕМЕСЕ ПАЙДА ЖОҒАЛУЫ; НЕ БИЗНЕС ТҮСІНДІРМЕСІМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙДІ) ЖАУАПТЫ ЕМЕС. НЕ БОЛСА ДА, ӘР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТОЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ОСЫ EULA КЕЗ КЕЛГЕН ЖАҒДАЙЫНА СӘЙКЕС SONY БАҒДАРЛАМАСЫ ҮШІН НАҚТЫ ТӨЛЕНГЕН СОМАҒА ШЕКТЕЛУІ КЕРЕК. КЕЙБІР ҚҰЗЫРЕТТЕР ҚОСЫМША ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙҒА, ШЕКТЕУГЕ НЕ ЖАНАМА ШЫҒЫНДАРҒА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ, БҰНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙ НЕМЕСЕ ШЕКТЕУ СІЗГЕ ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.

АВТОМАТТЫ ЖАҒАРТУ МҮМКІНДІГІ

SONY немесе ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ қауіпсіздік функцияларын жақсарту, қателерді түзету және функцияларды жетілдіру мақсаттарында SONY не үшінші тараптар серверлерімен не т.б. жұмыс істегенде БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ автоматты түрде жаңартып не өзгертіп тұрады, бірақ онымен шектелмейді. Мұндай жаңартулар не өзгертулер мүмкіндіктер сипатын немесе БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ басқа аспектілерін, соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді, қолданып жүрген функцияларды, жоюы не өзгертуі мүмкін. Мұндай әрекеттердің SONY қарауынша орындалуы мүмкін екенін және SONY БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА толық орнатылып болғанша немесе жаңартуларды не өзгертулерді қабылданғанша оны үздіксіз қолдану шарттауы мүмкін екенін растайсыз әрі оған келісесіз. Кез келген жаңартулар/өзгертулер осы EULA келісімінің мақсаттарына сай БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ бөлігі болуы әрі олай болып саналуы керек. Осы EULA келісімін қабылдаумен сіз осы жаңартуға/өзгертуге келісесіз.

ТОЛЫҒЫМЕН КЕЛІСУ, БАС ТАРТУ, БӨЛУ

Осы EULA және SONY корпорациясының құпиялық саясаты, түзетулер мен өзгертулер БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА қатысты SONY мен сіздің арасында жасалған тұтас келісімді құрайды. Осы EULA келісімінің кез келген құқығын не ережесін SONY орындай не іске асыра алмаса, бұл мұндай құқықтан не ережеден бас тартуды білдірмейді. Осы EULA келісімінің кез келген бөлігі жарамсыз, заңсыз немесе орындалмайтын болса, сол ереже осы EULA, басқа бөліктері толығымен өз күшінде қалатындай рұқсат етілген шегіне қарай іске асырылуы керек.

НЕГІЗГІ ЗАҢ ЖӘНЕ ХҰКІМ

Біріккен ұлттар ұйымының Халықаралық Тауарларды сату туралы келісімшарттарға қатысты Конвенциясы осы EULA келісіміне қолданылмайды. Бұл EULA кез келген заң ережелеріне қайшы жағдайларға қатыссыз Жапония заңдарына сәйкес реттеліп басқарылады. Осы EULA келісімінен шығатын кез келген дау Токио қаласындағы аудандық сотпен қарастырылады және тараптар сол сот шешімдерімен келіседі.

ӘДІЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛДАРЫ

Лицензиялық келісімдегі қандай да бір қарама-қайшы ережелерге қарамастан, осы лицензиялық келісімнің ережелерін бұзу немесе сақтамау SONY компаниясына ақшалай өтеу жеткіліксіз болатын түзелмейтін залал келтіретінін растайсыз және онымен келісесіз және SONY компаниясының осындай жағдайда қажет деп табатын кез келген әділ немесе сот қорғауы құралын пайдаланатынынмен келісесіз. Сонымен қатар SONY компаниясы осы лицензиялық келісім ережелерінің бұзылуын алдын алу және/немесе сақталуын қамтамасыз ету үшін, SONY компаниясы өз қарау бойынша Сіздің осы лицензиялық келісімді бұзғаныңызға немесе бұзатыныңызға сенімді болса, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ пайдалануыңызды бірден тоқтатуымен қоса, бірақ онымен шектелмей, кез келген заңды және техникалық шараларды қолдана алады. Осы шаралар SONY компаниясының заң, әділдік немесе келісімшарт бойынша қарастырылатын кез келген басқа шараларына қосымша болып табылады.

КЕЛІСІМДІ БҰЗУ

Егер осы EULA шарттарын орындамайтын болсаңыз, басқа құқықтарға зақым келтірмей SONY корпорациясы осы EULA келісімін бұза алады. Осындай тоқтату жағдайында барлық қолданысты тоқтатып, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА көшірмелерін жою қажет.

ТҮЗЕТУ

SONY КОМПАНИЯСЫ SONY АРНАУЛЫ ВЕБ-САЙТЫНДА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ, СІЗ БЕРГЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕКЕНЖАЙҒА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЕСКЕРТУ ХАТЫН ЖІБЕРУ АРҚЫЛЫ, ЖАҢАРТУЛАР АЛЫНАТЫН ПРОЦЕСТІҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ЕСКЕРТУ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ НЕМЕСЕ БАСҚА ДА ЗАҢДЫ НЕГІЗДЕГІ ЕСКЕРТУ ҮЛГІСІМЕН ОСЫ СОҢҒЫ ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІНДЕГІ ШАРТТАРДЫҢ КЕЗ КЕЛГЕНІН ӨЗ ҚАРАУЫМЕН ТҮЗЕТУ ҚҰҚЫҒЫН ӨЗІНДЕ ҚАЛДЫРАДЫ. Егер сіз түзетуге келіспесеңіз, көмек алу үшін бірден SONY компаниясына хабарласыңыз. Мұндай ескерту күшіне енген күннен кейін БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ пайдалануды жалғастыру мұндай түзетумен келіскеніңізді білдіреді деп саналады.

ҮШІНШІ ТАРАП БЕНЕФИЦИАРЛАРЫ

Әр ҮШІНШІ ТАРАП ЖАБДАУШЫ - үшінші тарапқа қатысты экспресс-бенефициар; сол тараптың БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА қатысты осы EULA келісімінің әр ережесінің орындалуын талап етуге құқылы.

Осы EULA келісіміне қатысты сұрақтарыңыз болған жағдайда SONY корпорациясына әр аймақтың не елдің жарамды байланыс мекенжайы бойынша жазып хабарласуыңызға болады.

Copyright © 2014 Sony Corporation.

Бұл жүйенің бағдарламалық құралын кейінірек жаңартуға болады. Кез келген қолжетімді жаңартылым туралы ақпарат алу үшін келесі URL мекенжайына кіріңіз.

Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін:
www.sony.eu/support

Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
<http://www.sony-asia.com/section/support>



<http://www.sony.net/>



* 4 5 5 9 5 1 6 1 3 * (1)